


1100



ҚЫЗЫҚТЫ дерек

Таулар мен жанартаулар



1100



ҚЫЗЫҚТЫ дерек

Таулар мен жанартаулар



УДК 087.5
ББК 74.102
Т 24

Ағылшын тілінен аударған — Б. Бұқабаева

Кеңесшілері — Ә.С. Ақашова, география ғылымдарының кандидаты,
доцент;

Ә.Т. Мылқайдаров, география ғылымдарының
кандидаты, доцент;

Қ.Қ. Мақаш, аға оқытушы

Т 24 ТАУЛАР МЕН ЖАНАРТАУЛАР. – Алматы: «Аруна» баспасы. – 208 бет. –
Сер.: «1100 қызықты дерек».

ISBN 978-9965-26-683-6

Адам қашанда өзін қоршаған дүниенің қыр-сыры мен құпия қалтарыстарын танып-білуге ұмтылады. Әлемдегі бізге беймәлім құбылыстардың сырын ашуға талпыну – әсіресе жан-жақты болуға деген ынта-жігері мол жас жеткіншектерге тән қасиет.

Осы орайда білімқұмар балалардың тілегін қанағаттандыру мақсатымен «Аруна» баспасы «1100 қызықты дерек» атты топтаманы ұсынып отыр. Сан саланы қамтитын бұл топтама жас жеткіншектердің көңілінен шығып, көкейіндегі көптеген сұрақтарға жауап алуына мүмкіндік береді деп үміттенеміз.

УДК 087.5
ББК 74.102

ISBN 978-9965-26-683-6

Мазмұны

Акатенанго.....	6	Кик-эм-Дженни.....	62
Агуа тибия.....	8	Килиманджаро.....	64
Ахаттар.....	10	Ключев шоқысы.....	66
Аир таулары.....	12	Кула жанартауы.....	68
Аннапурна.....	14	Куньлунь.....	70
Атитлан.....	16	Лхоцзе.....	72
Лектусан тауы.....	18	Макалу.....	74
Байнта Брак.....	20	Манаслу тауы.....	76
Баррен Айленд.....	22	Машербрум.....	78
Белуха тауы.....	24	Моусон шыңы.....	80
Блейзен таулары.....	26	Майон жанартауы.....	82
Броуд-Пик.....	28	Мейдоб жанартау даласы.....	84
Серро Аконкагуа.....	30	Абу тауы.....	86
Чо-Ойю тауы.....	32	Адамс тауы.....	88
Джомолхари.....	34	Апо тауы.....	90
Копима жанартауы.....	36	Арарат тауы.....	92
Косово аралы жанартауы.....	38	Араят тауы.....	94
Дайсетсузан жанартаулар тобы.....	40	Асама тауы.....	96
Дхаулагири.....	42	Адзума тауы.....	98
Диран тауы.....	44	Бейкер тауы.....	100
Эль-Чичон.....	46	Бона тауы.....	102
Гвазунг Канг.....	48	Камерун тауы.....	104
Гуала Пери.....	50	Черчилль тауы.....	106
Истаксиуатль жанартауы.....	52	Эльбрус тауы.....	108
И-2.....	54	Элгон тауы.....	110
Камет тауы.....	56	Эребус тауы.....	112
Канченджанга.....	58	Эверест тауы.....	114
Кунманг Киш.....	60	Фокс тауы.....	116


Хасан тауы	118	Нанда-Деві таулары	164
Кения тауы.....	120	Нангапарбат	166
Керинчи тауы.....	122	Наркондам.....	168
Киркпатрик тауы.....	124	Пакайя жанартауы	170
Эми-Кусси тауы.....	126	Пику	172
Малиндиг тауы	128	Пиц Бернина.....	174
Мак-Кинли тауы.....	130	Попокатепетль	176
Мерапи тауы.....	132	Пунчак-Джая.....	178
Пинатубо тауы	134	Ракапоши.....	180
Раусу тауы	136	Рон таулары	182
Рисири тауы	138	Санто-Томас жанартауы.....	184
Тейде тауы	140	Сараграр.....	186
Террор тауы	142	Шиша	188
Токати тауы.....	144	Шовашиньзянь.....	190
Тайри тауы	146	Соккоро аралы	192
Моюта тауы	148	Таал жанартауы.....	194
Синай тауы.....	150	Тривор тауы	196
Супан тауы	152	Винсон массиві.....	198
Усу тауы.....	154	Бару жанартауы.....	200
Банахо тауы	156	Алатау.....	202
Тарума тауы	158	Алтай таулары	204
Везувий тауы.....	160	Түсініктеме	206
Муландже массиві	162		

Әлемде таулар мен жанартауларды жиі кездестіруге болады. Тіпті олар мұхиттарда да болуы мүмкін. Жалғыз шың мен бірнеше үстірттер де тауға жатады. Таулар әртүрлі болады. Тік, дөңгелеңген және оның түрлі жоталары болуы мүмкін.



Жанартау – тау жыныстарының жарылып, жер бетіне балқып шыққан түрі. Бұл құбылыс тереңдегі ыстық газдардың ағуынан пайда болады. Балқыған тау жыныстарының

қысымы жоғары болғандықтан, ол белгілі бір бағытта ағады. Ағыс жер қыртысындағы тар сызаттар, жарықшақтар арқылы езіне жол салады. Жерді жарып шыққан магма лава деп аталады. Лава дегеніміз – жанартаудан ағып шығатын сұйық тау жыныстары. Лаваның температурасы 700°C -тан 1200°C -қа дейін ауытқиды. Лаваның түсі оттың түсі сияқты қызыл-сары.



Қолдарыңыздағы кітаптан бүкіл әлемдегі таулар мен жанартаулар туралы қызықты мәліметтер ала аласыздар.



Акатенанго

1100
қызықты дерек



Акатенанго – орталық Америкада орналасқан Гватемала мемлекетіндегі қалың қабатты жанартау.



Бұл жанартау Пико мэр және Йепокапа шыңдарынан тұрады.



Фузго жанартауы – Акатенангоның сыңары



Акатенанго – Агуа және Атитлан жанартаулары арасында, Антигуа қаласының маңында орналасқан ірі келемді жанартау.



Жанартау ошағы – Пико мэр. Ол ете үлкен.



Пико мэр шыңы теңіз деңгейінен 3976 м биіктікте жатыр.



Ал Йепокапа – жанартаудың екінші ошағы. Ол теңіз деңгейінен 3808 м биіктікте жатыр.



Жанартаудың беткі қабаты майда құм болғандықтан, оның жоғарғы жағына шығу қиынға соғады.



Осы себепті әлем альпинистері жанартаудың тебесіне көтерілуге құмартып, қызығушылықтары артқан. Зерттеушілердің айтуынша, Акатенангоның екі шыңы да атқылаушы жойқын күшке ие.



1972 жылы қараша айында Акатенанго жанартауының шағын атқылауы тіркелген. Атқылау барысында бу, жанартау күлі және газ бөлінген.




Акатенанго жанартауы 1924–1927 жылдар аралығында бір рет қана атқылаған.



Акатенанго жанартауының маңында Фуэго жанартауы бар. Фуэго теңіз деңгейінен 3763 м биіктікте тұр. Ол белсенді жанартау болып табылады.

Фуэго мен Акатенанго жанартаулары Ла Хоркуэта деп аталады



Агуа тибия



Агуа тибия
– Паломар
үстіртінің сол-
түстік-баты-
сындағы тау.



Оның көп бе-
лігі, үстірттің
оңтүстік те-
мен белігін
қоса алғанда,
Кливленд Ұлт-
тық орманында
орналасқан.



1975 жылы АҚШ конгресі шөл да-
ланы Агуа тибия деп жариялады



Орманның бір белігі
Үндіс Паума қорығына
тиесілі.



Агуа тибия жанартауы Аризона штатындағы Пима аймағына
тән шың болып табылады. Ол Гватемаладағы ең әсем қала
Антигуаның қасында орналасқан.



Биік, тікенді талдары бар Агуа тибия 1341 м биіктікте тұр.
Жоғары жағында шыршалар, қарағайлар мен өмгендер
кездеседі.



Агуа тибияның маңында Голоцена жанартауы бар. Ол
– қалың қабатты жанартау. Голоцена бірде-бір рет атқы-
ламаған.



Агуа тибияның батыс жақ үстірті Паломар Рейндж немесе
Агуа тибия Рейндж деген атпен белгілі үстірт болып
табылады.



Голоценаның баурайында
Коултер деп аталатын
емен орманы бар.



Күн ыстықта орманның
салқын лебі саяхатшы-
лар мен альпинистерге
жайлы әсер етеді.



Агуа Фрия Ұлттық
ескерткіші АҚШ-тың Аризона
штатында, Финикс қаласының солтүстігінен 60 шақырым
қашықтықта орналасқан. Бұл – Нью-Мексикодағы тау
шыңы. Оның биіктігі 2693 м-ді құрайды.



Агуа тибия
жанартау
аймағы Орман
қызметі бөлімінің
бақылауында.

**Қазіргі уақытта Агуа тибия-
ның аумағы — 6 га құрайды**



Ахаггар

1100
ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК



Ахаггар тауы шөлді аймақта орналасқан.

Жанартаулар мен жартас шыңдарында диаметрі 236 шақырымды құрайтын жарылыс заттар бар

Ахаггар тауы Хоггар деп те аталады.

Ахаггар тау бектері жанартаулы аймақ болып саналады. Ахаггардың орналасқан жері – Таманрассет қаласының шығысы, Алжирдің оңтүстігіндегі жазық даладан бастап жоғары қарай жалғасқан.

Таманрассет қаласы – жазық далада бой көтерген әсем қалалардың бірі.

Ахаггар оңтүстікте Жерорта теңізінен 1610 шақырым, шығыста Атлантикадан 1610 шақырым және солтүстікте шамамен алғанда Бенин қойнауынан 1000 шақырым қашықтықта орналасқан.

Шамамен есептегенде Ахаггар тауы орналасқан аймақ оңтүстік Алжирден 1500 шақырым қашықтықта жатыр.

Ахаггардың шығыстағы көршісі Тибести тауы одан 600 шақырым қашықтықта орналасқан.

Осы жанартаулы аймақта орналасқан Тахат тауының ұшар шыңына дейінгі биіктік 3003 м-ге жуық.



Бұл өңірде католиктік сопы Шарль Эжен Фуколь туарегтермен¹ бірге емір сүрген.



Жаз мезгілінде бұл аймақта күн өте ыстық болады. Ал қыста температура 0°C-тан төмендейді.



Жаңбыр сирек жауады. Сонымен қатар бұл мекеннің басым бөлігі шөл және шөлейтті аймақтардан тұрады. Ахаггар тауы теңіз деңгейінен 900 м биіктікте орналасқан.



Ахаггар тауы орналасқан Сахара Атлант мұхитынан бастап Ніл өзеніне дейін созылып жатқан Солтүстік Африканы қамтиды.

Ахаггар тауы орналасқан аймақ шамамен 542,5 шақырымды алып жатыр



Аир таулары



Аир таулары
Агадездің
солтүстік
жағында
орналасқан.
Бұл –
табиғаттың
таңғажайып
туындысы.



Аир тауларын
тамашалауға
саяхатшылар
көп келеді.



Аир тауларының
солтүстігінде Тенере
шөлі, одан әрі солтүстік-шығыста Джадо үстірті бар.



*Сахараның Аир таулары аймағы
Нигердің орталығында орналасқан*



Агадез қаласы туарегтер елінің негізгі орталығы болып
табылады. Бұл елдің астанасы – Аир қаласы.



Аир таулары шыңының биіктігі – 2000 м. Ал Багзане тауы
одан да биік. Ол Агадездің солтүстігінде 150 шақырым
қашықтықта орналасқан.



Бұл таулар – шөл даладағы Нигер Республикасының
солтүстігінде орналасқан үш бұрышты тау массиві болып
табылады.



Аир таулары жартасты үстірттен кетерілетін дөңгелектеу
тоғыз массивтен тұрады.



Багзаненің биік үстірті Аир тауларының орталығын қажетті
жауын-шашынмен қамтамасыз етеді.



Бұл аймақты бұрынғы кезде қорқау иттер мекендеген. Иттердің бұл түрі адамдардың келуіне байланысты түп-тамырымен тіршілігін жойды деген болжам бар.



Аир тауларында біздің заманымызға дейінгі көне дәуірді сипаттайтын кейбір археологиялық қазбаларды табуға болады.



Жерасты сулары бұл аймақта өсімдіктердің жыл бойы өсуін қамтамасыз етеді.



Аир тауларының климаты оңтүстікке қарай ауысқан сайын жақсара түседі. Бұл жергілікті тұрғындарға өте қолайлы.

Аир тауларын тамашалауға саяхатшылар көп келеді



Аннапурна



Аннапурна – Гималай тауындағы биік шың. Непалдың орталығында орналасқан тау тізбектерінен тұрады.



Аннапурна Покхара тау тізбектерінің солтүстігінде батыстан шығысқа қарай созылып жатыр.



Аннапурна тауының батыс және солтүстік-батыс шатқалдарында мұздықтар ағады



Жанартау ошағы оңтүстігінде Аннапурнадан – 7219 м, Гангтан – 7647 м, Гангапурнадан – 7455 м, III Аннапурнадан – 7555 м, IV Аннапурнадан – 7525 м және II Аннапурнадан – 7925 м қашықтықта орналасқан.



Аннапурна Гималай тау тізбектеріндегі Непалдың күріш қоймасы ретінде де белгілі.



Аннапурна – Гималай ірі тау массивіне жатады. Ол ең биік таулардың тізімінде оныншы орынға ие. 1950 жылы Аннапурна алғаш рет әлемдегі биіктігі 8000 м-лік таулардың қатарына енгізілді.



Аннапурна – санскрит² атауы, мағынасы «асыраушы құдай» дегенді білдіреді.



Аннапурнаның оңтүстік беткейіндегі базалық лагерь «Аннапурна пана орны» деген атпен белгілі.



Жорық жолы тау қыраттарының баурайында орналасқан.



Аннапурнаның оңтүстік беткейі әлемдегі ең ірі әрі тік беткейлердің бірі болып саналады. Беткейдің елшемі мен құрылысы ерекше.

Аннапурна аймағы Кали Гандаки өзенінің Гималайды қиып өтетін тұсында, үлкен шатқалдың шығысында орналасқан.



Таудың оңтүстік беткейі Эверест тауының оңтүстік-батыс беткейімен салыстырғанда 914 м-ге биік.



Аннапурна Гималайдағы биіктігі 8000 м шыңдар арасындағы ең алғаш танылған шың болып табылады.

Аннапурна ең биік таулардың тізімінде оныншы орынға ие



Атитлан

1100



қызықты дерек

Атитлан – конус пішінді, Гватемала тауларындағы Атитлан көліне жуық маңда орналасқан қалың қабатты жанартау болып табылады.



Бұл жанартау 1469–1853 жылдар аралығында он реттен артық атқылаған болатын. Сондықтан Атитлан белсенді жанартаулар қатарында.

Жанартаудың оңтүстік жағында кальдера³ бар

Бұл аймақ саяхатшылардың жаяу аралап, қызықтайтын орны болып табылады.

Атитлан – Сан-Педро және Толиман аймақтарында орналасқан үш жанартаудың арасындағы ең жасы әрі ең белсендісі.

Толиман жанартауы Атитланға жақын, солтүстік жағында орналасқан. Ол Атитлан көлінің оңтүстік жағалауынан басталады.


Толиман – орталық Америкада созылып жатқан жанартаулар доғасының бір белігі. Атитлан жанартауы маңындағы орманда өте сирек кездесетін екі әдемі құс тіршілік етеді.



Жанартаудың солтүстігінде өсімдіктер көп өседі. Ал оның оңтүстік баурайы құрғақ болып келеді. Онда өсімдіктер жоқ.




Тұтқыр лава, күмбез түрінде атқылаған Толиманмен салыстырғанда Атитланның атқылауында пирокластикалық материалдар⁴ басым болған.



Геологиялық зерттеулер мен тарихи мәліметтерге сәйкес, бұл жанартаудың қарқындылығы мен қозғалыс сипаты Фуэго жанартауына ұқсайды.

Атитлан – конус тәріздес лава қатпарларынан тұратын құрама жанартау



Пэктусан тауы



Пэктусан тауы – Солтүстік Корея мен Қытай арасындағы шекарада орналасқан жанартау ошағы. Бұл Кореядағы ең биік тау болып саналады.



Аспанасты келі – әлемдегі ең биік көл. Ол таудың ұшар шыңында орналасқан.



Таудан Сунгари, Тумән (Думан) және Ялу (Аммок) өзендері бастау алады



Бұл аймақты кәрістер мен маньчжурлықтар ез ата-бабаларының жері деп санайды. Маньчжурлар – ерте дәуірде Қытайдың солтүстік-шығысын мекендеген халық.



Баекдусан – Пэктусан тауларының ең биік шыңы. Бұл корей тілінен аударғанда «ақ басты таулар» дегенді білдіреді. Таудың аймақтық тарихы жөнінде кептөген пікірталастар болған.



Тау басындағы кел б.з.д. 969 жылы ірі атқылау нәтижесінде пайда болған. Ал атқылау кезіндегі жанартау күлі өте алысқа шашыраған. Зерттеушілер шашыраған күл қалдықтарын Жапониядағы Хоккайдо аралының оңтүстік бөлігінен байқаған.

Көл шеңбері – 12–14 шақырым, орташа тереңдігі – 213 м, ең төменгі тереңдік өлшемі – 384 м-ді қамтиды. Таудағы магма⁵ деңгейі үздіксіз ұлғаюда. Осыған орай тау көлемі жылына жуықтап алғанда 3 мм-ге артып отырады.



Пэктусан тауында жолбарыс, аю, қабылан, қасқыр және қабан сияқты жабайы аңдар кездеседі.

Тау басында орналасқан көл солтүстікке қарай ағып, сарқырамаға жалғасады. Келде су жануарларының кейбір түрлері тіршілік етеді. Көл қазан айынан бастап, маусымның орта тұсына дейін мұз боп жатады.

Пэктусан тауындағы Ланггун шыңын үнемі қар басып жатады



Байнта Брак

1100
қызықты дерек



Байнта Брак немесе
Огре – тік әрі
жартасты
тау.



Ең биік
шыңы
Панмах
Музта-
гы деп
аталады.
Бұл шың
әлемдегі ең биік
таулар қатарында
87-ші орынды иеленеді.



*Байнта Брак Қарақорым
тау тізбегіне жатады*



Байнта Брак Қарақорым тау
тізбегіне жатады.



Альпинистер Байнта Брак тауына алғаш рет 1977 жылы
көтерілген.



Альпинистердің айтуынша, бұл тау көтерілуге қолайсыз,
біраз қиындық тудыратын тау болып табылады. Сол
себептен альпинистер екінші рет шыңға 24 жылдан кейін
ғана, 2001 жылы көтерілген.



Шыңға тек Қарақорым тау тізбегінің басты мұздықтарының
бірі – Биафоның солтүстік бөлігінен бастап көтерілуге
болады.



Биафо осы аймақтағы ірі қала Скардудың солтүстігінен
75 шақырым, Аскол келік жолының соңғы бекетінің
солтүстігінен 30 шақырым қашықтықта орналасқан.

Байнта Брак тауының
дөңестігі – 1891 м.

Бұл тауға шығу қиындаған сайын альпинистердің оған көтерілуге деген құмарлығы арта түсті. Бұл тау тізбектері Канжут Сар тауларынан басталады.




Байнта Брак Пәкістанның солтүстік аймағында орналасқан.

Бұл тауға алғаш көтерілген альпинистер – Даг Скот пен Крис Бонингтон.

Байнта Брак – Қарақорым тау тізбегіндегі басқа

Панмах Музтагы шыңының биіктігі – 285 м



Баррен Айленд

1100



қызықты дерек



Баррен Айленд –
Үнді еліндегі
белсенді
жанартау.
Ол Порт-
Блэр
қаласының
шығысынан 135
шақырым, Анда-
ман аралдарының⁶
шығысына қарай 60
шақырым қашықтықта
орналасқан.



*Баррен Айленд жанартауы
жарты ғасырға жуық уақыт
атқыламаған*



Баррен Айленд Оңтүстік Азиядағы жалғыз белсенді жанартау ретінде тіркелген.



Жанартау кемінде 5 конус тәріздес шыңнан және батысқа қарай орналасқан кальдерадан тұрады.



Жанартаудың екі атқылау ошағы бар. Біреуі батыс жағында, екіншісі орталықтың оңтүстік-шығыс қапталында орналасқан.



Жанартау шыңының биіктігі – 354 м. Бір қызығы, жанартаудың көп бөлігі су астында орналасқан.



Аралдың ұзындығы – 3 шақырым, жалпы ауданы – 10 шаршы шақырым. Жанартау кальдерасының ені 2 шақырымды құрайды.

Баррен Айленд
жанартауы соңғы
рет 2006 жылы
атқылаған.

Ондағы кальдера
плейстоцен⁷ кезіндегі
жанартаудың атқылауы
барысында пайда
болған. Осының
нәтижесінде
жанартауда ағындар
мен шоғырлар көбейген.



Жазбаларға сәйкес, аталған
жанартау 1787 жылы атқылаған. Сол уақыттан бөрі 2006
жылға дейінгі аралықта жанартау алты рет атқылапты.

Баррен Айленд Суматра және Мьянма аралдары арасынан
өтетін ішкі доғада орналасқан.

Жанартаудың екі атқылау ошағы бар



Белуха тауы



Белуха тауы Мұзтау деген атпен де танымал. Ол Катун таулар тізбегінде орналасқан.



Мұзтау – Алтай тауларының ең биік шыңы. Сонымен қатар бұл тау – «Алтайдың алтын таулары» бүкіләлемдік мұрасының бір бөлігі.



Мұзтау Ресей мен Қазақстан шекарасы бойымен кетерілетін екі шыңнан тұрады. Сондай-ақ аталған қос шың Қытай мен Моңғолия шекарасында бетпе-бет орналасқан. Екі шыңның шығыс жағындағысы батыстағы шыңнан биіктеу.



Бұл тауларда бірнеше шағын мұздықтар кездеседі. Мұздықтар таудың беткі бөлігінің 27 шақырым аумағын алып жатыр.



Берель олардың арасындағы ең ірі мұздық болып табылады. Биіктігі – 1950 м.



Алтайдың алғашқы карталарында Оңтүстік-Шу Альпісі және Катун Альпісі деген жазбалар кездеседі. Бұлар осы өңірдің көне атаулары болып табылады.



Қос шың беткейлерін мәңгі қар мен мұз басып жатады



Көптеген езендер осы таудан бастау алады. Өзен ағысы екіге бөлініп, бірі – Катунь езені (Алтай Республикасы), екіншісі – Ертіс езені (Шығыс Қазақстан облысы) болып жалғасады.



Белуха тауына 1914 жылы алғаш рет Б.В.Тронов пен М.В.Тронов көтерілген.



ЮНЕСКО⁸ Алтай таулары аймағын әлемдегі табиғаты өте таза аймақтар тізіміне енгізген.



Бұл аймақта екі ірі мұздық бар. Бірі – Үлкен Берель, аумағы 10,3 шақырымды құрайды. Екіншісі – Кіші Берель, аумағы – 8,9 шақырым.

Белуха тауында екі ірі мұздық бар



Блейвен таулары

1100
ҚЫЗЫҚТЫ АСРЕК



Блейвен таулары Бла
Блейн неме-
се Көгілдір
таулар
атымен де
танымал.
Ол езінің
әсем түрі-
мен ерек-
шеленеді.
Бұл тау
Шотландия-
ның Скай ара-
лында жатыр.



*Блейвен Шотландиядағы ең
әсем тау болып саналады*



Блейвен таулары жеке-
дара орналасқан. Таудың құрылысы жартасты болып
келеді. Сондықтан мұндай тау альпинистер мен шыңға
өрмелеушілер үшін өте қолайлы. Ал тәжірибесі жоқ, арнайы
даярлықтан етпегендер үшін тауға шығу қауіпті.



Блейвен – он екі аралдың бірі. Ол – Қара Кюлин тауларының
шығысындағы ең биігі.



Блейвен тауы Бродфорд елді мекенінен 11 шақырым
қашықтықта, Елгол аймағына баратын жалғыз жолдың
бойында орналасқан.



Бұл аймақта ауа райы тез өзгереді. Әсіресе, күз және қыс
мезгілінде ауа райы құбылмалы болып келеді.



Бродфордтан Елголға баратын жол тау етегімен етеді. Жол
бойы әсем көріністерді тамашалауға болады.




Блейвен диабаз арқылы
белінген габбродан,
базальттан тұрады.
Диабаз, габбро, базальт
– кең таралған тау
жыныстары. Олар
құрамына қарай
біртекті қатты, сұйық
түрде кездеседі.

Блейвен тауының
биіктігі 928 м-ді
құрайды.



Блейвен тауына алғаш
рет 1857 жылы профессор
Николя және викториандық ақын Алджернон Чарльз
Суинбёрн көтерілген.

Блейвен таулары



Броуд-Пик

7700
ҚЫЗЫҚТЫ АДРЕС



Броуд-Пик ертеде «К-3» деп аталған. Ол әлемдегі ең биік таулар қатарынан 12-ші орынды иеленеді.

Броуд-Пиктің шыңының биіктігі 8047 м-ді құрайды.

Броуд-Пик Қарақорым тау тізбегінің оңтүстік-шығысында орналасқан.

Броуд-Пикті жергілікті тұрғындар «Файчан Кангри» деп атайды

Броуд-Пик шыңына альпинистер алғаш рет 1957 жылы көтерілді. Бұл тарихтағы ірі шыңдарға көтерілу оқиғаларының бірі болып табылады.

Аталған тау Балтистанның Шигар алқабындағы Қарақорым таулар тізбегінде орналасқан.

Көптеген альпинистер күрделі шыңдарға көтерілу алдында «К-3» шыңына өрмелеп, шынығып алуды әдетке айналдырған.

Броуд-Пиктің жеке үш шыңы бар: басты шыңының биіктігі – 8047 м, орталық шыңы – 8016 м, солтүстік шыңының биіктігі – 7550 м.

Аталған тау Пәкістан мен Қытай шекарасында орналасқан.


1954 жылы тауға көтерілуге талпыныс жасаған Карл Герлигоффердің саяхаты тұман мен аяздың салдарынан сәтсіз аяқталды.

1957 жылы 9 маусымда Фриц Винтерстеллер, Маркус Шмак, Курт Димбергер және Герман Буль – Броуд-Пикке алғаш рет көтерілген.



Броуд-Пик Қарақорым тау тізбегіндегі биіктігі жағынан 3-ші шың болып саналады.

Броуд-Пикке саяхатшылар көп келеді



Серро Аконкагуа

7700
ҚЫЗЫҚТЫ АДРЕС



Серро –
Аргентинадағы
Мендоса
провинция-
сында ор-
наласқан
шың.
Серро
Аконкагуа
таулы
аймақтың
батыс бөлі-
гіндегі ең биік
шың болып табылады.



*Серро Аконкагуа шы-
ңының биіктігі – 6962 м*



1833 жылы неміс зерттеушісі Пол
Гусфельт алғаш рет шыңға көтеріліп,
бұл оқиға ресми түрде тіркелген.



Көптеген зерттеушілердің айтуынша, шыңның атауы ежелгі
«Акон Кахуа» деген сөзден шыққан. Бұл сөз «Қарауыл тас»
деген мағынаны білдіреді.



Тау мен оның айналасындағы табиғи желек Аконкагуа
провинциялық саябағының бір бөлігі болып табылады.



Мендоса қаласындағы көптеген саяхат орталықтары Серро
Аконкагуа шыңына экскурсиялар ұйымдастырады.



Аконкагуа арнайы күтім мен бақылауға алынбаған. Осы
немқұрайдылықтың салдарынан тауға көтерілу кезіндегі
қоғамдық көлік апаттары жиі тіркеледі.



Серро Аконкагуаны «Теко де Америка», яғни «Америка шатыры» деп те атайды.



Аконкагуа «қарауыл тас» деген атпен де белгілі. Себебі бұл таудың беткейлері көп.




Аталған тау 1983 жылы №4807 провинциялық заңның негізімен Аконкагуа провинциялық саябағының аумағына енгізілген.



Бір қызығы, Серро Аконкагуа қанша биік болса да, шың басында мұз болмайды.

Серро Аконкагуа – Анд таулары тізбегінде бой көтерген шың



Чо-Ойю тауы

7100
қызықты дерек



Чо-Ойю тауы әлемдегі ең биік таулардың қатарында алтыншы орынды иеленеді.



Бұл тау Эверест және Лхозе тауларына жақын шығыс Непалдың Кхумбу аумағындағы Тибет шекарасында орналасқан.



Чо-Ойю тауының шыңы оны қоршап тұрған Эверест тауы шыңдарынан әлдеқайда биік



1958 жылы шерп Дава Лама Пасанг таудың ұшар басына екінші рет көтерілген.



Чо-Ойю тауы Нангпа Лага атты биік таулы асуға жақын орналасқан. Сондықтан аталған тау альпинистер арасында «ең оңай кетерілетін шың» деген атқа ие.



Бұл тау Эверест тауының солтүстік беткейіне шығушыларға ете таныс, көзге бірден көрінеді. Чо-Ойю тауына шыққан альпинистер Эверест тауынан басқа, Лхоцзе, Ама-Даблам және Гималайдың басқа шыңдарын тамашалай алады.



Шыңға оның оңтүстік жағынан Лунгсампа мұздықтарына апаратын, Непалдың Кхумбу аймағындағы Таме алқабы арқылы да кетерілуге болады.





Чо-Ойюдың батысында биіктігі 5790 м болатын мұздық жол бар. Ол – Нангпа Лага асуы. Бұл жол шерп пен тибет халықтары арасындағы негізгі сауда-саттық жолы болып табылады. Нангпа Лагаға алғаш рет 1954 жылы австралиялықтар шыққан болатын.



Чо-Ойю атауы сөзбе-сөз аударғанда «Көгілдір әйел құдайы» деген мағынаны білдіреді. Жергілікті тұрғындар оны ете қасиетті деп санайды.



1952 жылы Ұлыбританияның Біріккен Гималай ұйымы осы шыңға көтерілуге дайындық жасады. Бұл талпыныс келер жылы Эверест тауына көтерілуге де себеп болды. Чо-Ойю-ға алғаш рет көтерілген альпинистер – Мачей Бербека мен Мачей Павликовский. Олар тауға 1985 жылы 12 ақпанда шыққан болатын.

Чо-Ойю тауы әлемдегі ең биік таулардың қатарында алтыншы орынды иеленеді



Джомолхари

1100



ҚЫЗЫҚТЫ АЕРЕК



Джомолхари Тибет ауданының Ядонг аймағы мен Бутан аймағындағы Паро ауданы шекарасында орналасқан Гималайдағы тау болып табылады.



Киелі тауды Бутан халқы ерекше құрмет тұтады.



Паро және Амр Чу өзендері осы таудан бастау алады



Таудың солтүстік беткейі – тіршіліксіз жазық дала. Джомолхари тауы осы өңірден солтүстікке қарай 2700 м-ге дейін созылып жатыр.



1954 жылы шерп Дава Лама Пасанг шыңға екінші рет көтерілген.




Джомалхари шыңына көтерілушілер өте аз. Себебі тауға Бутан жағынан көтерілуге тыйым салынған. Ал Тибет таулары жағынан көтерілу қауіпті.



1937 жылы мамыр айында бес адамнан құралған саяхатшылар тобы шыңға таудың оңтүстік-шығысындағы Бутан аймағынан көтерілді. Топ құрамында Фреди Спенсер Чепмен және шерп Дава Лама Пасанг болған.



1970 жылдың 24 сәуірінде полковник Нарендра Кумар басқарған біріккен Бутан-үнділік әскери тобы тауға екінші рет көтерілді.



Джомолхари – «Канченджанганың қалыңдығы» деген атпен де белгілі.



Шыңға екінші рет шығу барысында топтың екі мүшесімен қоса Дава Лама Пасанг жоғалып кеткен. Дорджи Лато және Прем Чанд екеуі жол бастап, топты шыңға жеткізген.



Таудың солтүстігін мекендейтін Тибет буддистері жыл сайын Паро Дзонгтан⁹ Чомо ларангқа¹⁰ сиынуға барады.



Джомолхари тауы қасиетті тау болып саналады.

Джомолхари тауы





Колима жанартауы



Колима –
Мексикадағы
ең белсенді
жанартау.



Колима
батыста
Мехикодан
485
шақырым,
ал
оңтүстікте
Халиско
штатының
орталығы –
Гвалдахарадан 125
шақырым қашықтықта орналасқан.



Колима 1991 жылдан
бастап осы уақытқа
дейін атқылауда



1935 жылдан бері, 1990 жылдағы шағын атқылауларды қоса санағанда, жанартау 40 рет атқылаған.



Жанартауға ғылыми мониторинг жасау 20 жыл бұрын басталған болатын.



Жанартау кешенінде екі шың бар. Біріншісі – Невадо -де-Колима, оның биіктігі – 4330 м. Бұл кене шың. Ал екіншісі – жас әрі белсенді Волкан-де-Колима жанартауы. Биіктігі – 3860 м.



Колима жанартауы бес миллион жыл бойы белсенділік танытқан.



Кейінгі плейстоцен дәуірінде тауда кешкін жүрген. Соның нәтижесінде тау жыныстарының сынықтары 120 шақырымға жылжи отырып, Тынық мұхитына жеткен.



Жанартаудың тек кішкене бөлігі ғана Колима штатының аумағына кіреді. Оның көп бөлігі көрші Халиско штатында, Едже Волканик Транверсал тау тізбегінің батыс жағында жатыр.



Колима жанартауы Орталық Америкадағы ең белсенді әрі қауіпті жанартау.




Қазіргі уақытта жанартау көшкін мен үлкен атқылаулар нәтижесінде пайда болған ірі кальдераның ішінде тұр.



Колима жанартау кешені Батыс Мексикадағы жанартау белдеуінің ең белгілі жанартау ошағы болып табылады.

2005 жылы Колима жанартауы 5 шақырым биіктікке дейін атқылады



Корво аралы жанартауы

1100
қызықты дерек



Корво аралы – ең шағын жанартау. Ол Азор аралдары мен Микронезияның¹¹ солтүстігінде орналасқан.



Корвоның ауданы 17,45 шаршы шақырымды құрайды.

Аралдың оңтүстік-батысында

Вила-до-Корво елді мекені орналасқан.



2001 жылғы санақ бойынша, бұл елді мекенде тұрғылықты халықтың саны 425 адам болған.



Аралды 1452 жылы Диего Тэйв ашқан. Аралдың тереңдігі – 300 м, ал диаметрі 2 шақырымды құрайды. Жанартау атқылағаннан соң, аймақты үнемі тұман басып тұрады.



Аралдың шығысында ормандар, ал батысы мен солтүстігінде тасты төбешіктер орналасқан.



Вила-до-Корво – аралдың орталығы болып саналады. Мұнда тұрғын үйлермен қатар көптеген сауда орындары бар. Елді мекен аралдың үштен бір бөлігін алып жатыр.



Корво жанартауы Корво аралында орналасқан



Аралдың ауа райы ылғалды, онда жауын жиі жауады.



Табиғаты жанға жайлы. Бірақ үнемі жел соғып тұрады. Салыстырмалы ылғалдылық шамасы тұман жиілейтін кезде өзгеріп отырады. Мысалы, қазан айында 74% болса, шілде айында бұл керсеткіш 85%-ға дейін ауытқиды.



Аралда алғаш адамдар мекен еткен уақыттан бастап, ауыл шаруашылығы саласы дами бастады. Бұл аймақтың тұрғындары шошқа есіріп, құс асырайды.



Бұл жанартау алғаш рет 730 мың жыл бұрын атқылаған. Жанартау ошағының диаметрі 5 шақырымды құрайды.



Жанартау маңында ормандар, ал батысы мен солтүстігінде тасты тебешіктер бар.



Корво шағын жанартау болып табылады



Дайсетсузан жанартаулар тобы



Дайсетсузан жанартау тобы жанартау шыңдарынан тұрады. Ол Жапонияның Хоккайдо аралында кеңдігі 2 шақырым болатын Охачи-Дайра кальдерасын қалыптастырды.



Бұл аймақтың жергілікті халқы айндар деп аталады. Олар Дайсетсузан жанартаулар тобын «Нутапукашипе» немесе «Нутаку Камушупе» деп атайды.



Дайсетсузан шыңдары Хоккайдо аралындағы ең биік шыңдар болып табылады.



Жанартаулар тобы Тынық мұхитындағы Куриль аралының солтүстік бөлігінде орналасқан.



Дайсетсузан тау тізбектерінің аты өзі орналасқан Ұлттық саябаққа берілген. Бұл саябақта Асахидаке Онсен деп аталатын ыстық су саяжайы бар.



Дайсетсузан таулары – Жапониядағы ең ірі тау тізбектері. Таулар 230 000 га жерін алып жатыр.



Томураши тауынан Токати жанартау тобына дейінгі аралықтағы таулар тізбегі, сондай-ақ Нипесотсу, Упепесанакэ, Ишикари таулары және Шикарибетсу көлі – Хоккайдо шатыры деп аталады.



Саябақ құрамына Дайсетсузан жанартауынан бөлек Такачи және Шикарибетсу жанартаулары кіреді



Асахи тауында биіктігі 1100 м-лік Санроку бекеті мен биіктігі 1600 м болатын Сугатами бекетін байланыстыратын жол бар. Біржақты бағытпен өтуге 10 минут уақыт кетеді.



Дайсетсузан Ұлттық саябағы Жапониядағы саябақтардың ішіндегі ең ірісі болып табылады. Оның аумағы – 2267,64 м².



Асахи тауы Дайсетсузан жанартаулар тобындағы ең биік шың болып саналады. Оның биіктігі – 2290 м.

*Дайсетсузан жанартаулар тобы
230 000 га жерді алып жатыр*



Дхаулагири

1100
қызықты дерек



Дхаулагири
– «Ақ
тау» деген
мағынаны
білдіреді.



Бұл Непал-
дың солтүстік
орталығында
орналасқан.



Дхаулагири Гималайдағы ірі
таулы массив болып табылады.



Дхаулагири қыр-
қасында бірнеше
пирамида тәріздес
шыңдар бар



Тау жотасы 46 шақырымға созылып жатыр.



Дхаулагириге алғаш рет 1808 жылы батыстықтар көтерілді.
Сол кезден бастап аталған тау әлемдегі ең биік тау ретінде
танылған.



Дхаулагири тау қырқасы 30 шақырымға созылып жатыр.
Оның құрылымы түрлі жоталар және мұздықтармен
ерекшеленеді.



Дхаулагиридің биіктігі – 8167 м. Қазіргі кезде бұл тау
әлемдегі ең биік таулардың қатарында жетінші орында тұр.
Дхаулагири Гималайдың бір белігін алып жатыр.



Аталған тау маңызды туристік орталық болып саналатын
Покхара қаласының солтүстік-батысында орналасқан.



Дхаулагиридің маңында бірнеше тегіс алқаптар бар.



Соның бірі — Кали Гандаки алқабы. Бұл алқап Дхаулагири мен Аннапурнаның арасында орналасқан. Ол қатар орналасқан тегіс алқаптардың ең үлкені болып табылады.



І Дхаулагириге Муктинатх сиынушылары жиі барады.



1950 жылы француз экспедициясының ұйғаруымен шығыс жақтағы алқап Кали Гандаки деп аталған. Аталған алқапта І Дхаулагири шыңы орналасқан. Ол әлемдегі ең биік шыңдардың қатарында алтыншы орынды иемденеді.



Қазіргі уақытта Дхаулагири аймағында Джомсом әуежайы бар.

Дхаулагири Непал аумағында орналасқан



Диран тауы

1100
Қызықты дерек



Диран тауы
Қарақорым тау
тізбегіне жатады.
Ол Кашмирдегі
Ракапош
Харамоштың
бір белігі болып
табылады.



Бұл – Гилджит
алқабында бой
көтерген ең кернекті
шыңдардың бірі. Диран
тауы сол елкеге ерекше
сұлулық беріп тұр.



*Диран тауы биік бет-
кейлерінің теп-тегіс
болуымен ерекшеленеді*



Диран тауының әдемілігін тамашалау үшін бұл аймаққа
арнайы келетін саяхатшылар өте көп.



Таудың биіктігі – 7266 м. Диран әлемдегі ең биік таулардың
арасында 93-ші орынды иемденген.



Таудың географиялық координаталары: 36 ° 07'19"С, 74 °
39'40" Ш. Тау деңестігі –1325 м. Диран Малубитинг тауынан
бастау алады.



Диран тауының шыңы Минапин деп аталады. Оған
Қарақорым тасжолымен оңай көтерілуге болады.



Таудың оңтүстік беткейі Багрот алқабында орналасқан. Бұл
өңір Қарақорым тасжолынан анық көрінеді.



Диран тауының ең биік беткейі тегіс, жазық болып келеді.
Онда үнемі жел соғып тұрады.



Оған көтерілу үшін тауға шығу тәжірибесі жоғары шебер маман болу қажет.



1958 жылы британдық экспедиция Диран тауына оның солтүстік-батыс беткейінен көтерілмек болған. Бірақ аталған топ өз мақсатына жете алмады. Боранның кесірінен экспедиция басшысы Е.Ж.Варр мен экспедиция мүшесі Ф.С.Хойт шың басына жетуге 300 м қалғанда жоғалып кеткен.



1968 жылы Диран тауына алғаш рет австралиялық үш азамат – Рейнер Гоечи, Рудольф Пишингер және Ханс Шелл көтерілген болатын.

Минапин шыңы – Қарақорым тау тізбегіндегі биіктігі 7000 м-ді құрайтын шыңдардың арасындағы ең әдемісі



Эль-Чичон

1100
ҚЫЗЫҚТЫ АДРЕС



Эль-Чичон
Мексиканың
солтүстік-
батыс
Чьяпас шта-
тындағы
белсенді
жанар-
тау болып
табылады.



Эль-Чичон
– Чьяпас
аймағын-
дағы жанартау
доғасының бір бөлігі.



Эль-Чичон теңіз деңгейінен
384,96 м биіктікте орналасқан.



Эль-Чичон жанартауының координаталары: С 36,019677
және Б -120,088748.



Бұл жанартау Мексиканың оңтүстік-батысында 670 шақырым
қашықтықта тұр. Ол Гватемала шекарасынан 150 шақырым
қашықтықтағы Мексиканың Чьяпас провинциясына қарасты
орманда орналасқан.



Эль-Чичон 1982 жылы 29 наурыз бен 4 сәуір аралығында
кемінде он рет атқылаған болатын. Осы кезде бірнеше шағын
жер сілкіністері тіркелген.



Атқылау барысында ауаға 30 шақырым биіктікке дейін
жанартау күлі шашыраған.



*Эль-Чичон Мексиканың
оңтүстік-шығысындағы ірі
жанартау болып табылады*



Эль-Чичон 1982 жылы атқылаудан кейін, сол аймақтың климатын өзгерткен. Сол аймақты мекендейтін мыңға жуық құстар, түрлі жәндіктер мүлде жойылып кеткен.



Эль-Чичон жанартауының 1982 жылғы атқылауы көзінде 2000 адам көз жұмған.



2000 жылы жанартау кратеріндегі судың температурасы өсе бастады.



Жанартаудың Үлкен күмбез деп аталатын шыңы 200 000 жыл бұрын пайда болған. Сол уақыттан бастап, шыңдағы келдің түсі еріген минералдардың көп болуына байланысты көк-жасыл түске боялған.

Эль-Чичон жанартауы 220 000 жыл бұрын пайда болған



Гиачунг Канг

1100
ҚЫЗЫҚТЫ АРЕК



Гиачунг Канг
Гималай-
дағы Кхумбу
аумағында
орналасқан
ең биік
тау болып
табылады.



Тауға
алғаш рет
құрамында
И.Като,
К.Сэкэйзоа және
Пасанг Пхутар бар жапон
экспедициясы 1964 жылы 10 сәуірде шыққан болатын.
Ал К.Ясухиса мен К.Макхидой тауға ертесінде, яғни 1964
жылдың 11 сәуірінде көтерілген.



*Тау Непал мен Тибет
шекарасында орналасқан*



Тау өте биік. Гиачунг Канг – өте тартымды тау. Оның биіктігі
7952 м-ді құрайды.



Гиачунг Канг әлемдегі ең биік шыңдар арасында 15-ші
орынды иеленеді.



Биіктігі 8000 м-ге жетпейтін шыңдар арасында Гиачунг Канг
ең биік шың болып саналады.



Ясуси Яманауи 2002 жылы Гиачунг Кангке жасаған
экспедиция барысында бес саусағын, сонымен қатар оң
аяғындағы бүкіл саусағын үсітіп алды.



Бұл таудың солтүстік беткейін 1999 жылы словениялық экспедиция жүріп өткен болатын. 2002 жылы дәл осы беткейді Ясуси Яманауи қайталап жүріп өткен.



Гиачанг Канг Эверест пен Чо-Ойюның арасындағы ең биік тау болып табылады.



Гиачунг Канг тауынан 5000 м биіктіктен ағатын Нгозумба мұздығы бастау алады.



Гиачунг Кангтың қарлы, мұзды шыңдары өзара бөлінген



Гуала Пери

1100
қызықты дерек



Гуала Пери – Қытай мемлекетінің Тибет аймағындағы тау. Ол Цангпо шатқалында орналасқан. Тау шыңының биіктігі 7294 м-ді құрайды. Гуала Пери әлемдегі ең биік 85-ші тау болып табылады.



Гуала Перидің беткейлері тік болып келеді



Гуала Пери – тамашалауға лайық өте әдемі таулы аймақ.



Аталған тау шыңының биіктігі кейбір деректерде 7150 м деп те көрсетіледі.



Гуала Пери Гималайдың бір бөлігі болып табылады.



Географиялық координаталары: $29^{\circ} 48'47''$ С, $94^{\circ} 58'03''$ Ш.



Ол – әлемдегі ең биік шың болып табылатын Эверест таулы тізбегінің жалғасы.



Намча Барва – Гуала Перидегі орманды таулар арасында орналасқан ірі мұзды пирамида. Ол әлемдегі биік шыңдар қатарында 28-ші орынды иеленеді.



Гуала Пери мен Намча
Барва бір-біріне
жалғасып тұр.



Гуала Перидің жер
бедері күрделі болып
келеді. Оны Цангпо
шатқалындағы терең
алқаптан байқауға
болады.



Бұл тауға алғаш рет 1986 жылы жапон экспедициясы
көтерілген. Олар тауға Гуала Перидің оңтүстік жотасы
арқылы шықты. Гуала Периге көтерілуге шамамен бір
жарым ай уақыт жұмсалған.



Гуала Периге
алғаш көтерілген
альпинистер
– И.Хашимото,
Х.Имамура,
И.Огата.

Гуала Пери тауының биіктігі — 2942 м



Истаксиуатль жанартауы



Истаксиуатль

— Мексика

қаласы-

ның

маңында

орналас-

қан, үнемі

қар мен

мұз жауып

жататын

аласа

жанартау.

Жергілікті халық

Истаксиуатль тауын Иста деп те атайды.



*Попокатепетль — Истаксиуатль-
ге жақын орналасқан жанартау*



Бұл шыңға зерттеушілер ең алғаш рет 1889 жылы көтеріліп, ресми түрде тіркеген. Алайда тауға зерттеушілерден бұрын ерте заманда ацтектер мен мәдениет өкілдері көтерілген деген деректер бар. Ацтектер — Орталық Мексикада тұрақтанған үнді халқы.



Аталған таудың төрт шыңы бар. Ең биігі Печо деп аталады. Оның биіктігі — 5230 м.



Истаксиуатль жанартауы Мексикадағы биіктігі 5636 м болатын Пико де Орисаба және Попокатепетльден кейінгі үшінші орынды иеленеді.



Бұл таудың сыртқы келінісі өте әдемі. Истаксиуатль атауы «Ақ киімді әйел» деген мағынаны білдіреді. Себебі тауды қар басып жатады.



Кейбір деректер де бұл тауды «Ұйқыдағы әйел» деп атаған.

Истаксиуатль тауының сыртқы көрінісі

Мексика қаласынан қарағанда бір бүйіріне жантайып жатқан әйел бейнесін елестетеді.


Истаксиуатль және оның серіктесі Попокатепетль Ұлттық саябақтың қарамағына алынған. Аталған саябақ Мексиканың оңтүстік-батысында орналасқан. Жанартау төрт шыңнан тұрады. Олардың ішіндегі ең биігі теңіз деңгейінен 5230 м биіктікте тұр.



Истаксиуатль ұзақ уақыт атқыламаған.

Ол сөнген жанартау болып саналады.

Истаксиуатль жанартауы соңғы рет 1868 жылы атқылаған





К-2 Китченер тауынан 1 шақырым қашықтықта, Джаспер Ұлттық саябағындағы Атабаска өзенінің жоғарғы алқабында орналасқан.



К-2 – Қарақорым тау тізбегіндегі ең атақты шыңдардың бірі. Бұл атқа ұқсас К-1, К-2, К-3 деп аталатын шыңдар бар.



Қыс мезгілінде К-2 шыңына ешкім көтерілмеген



Кейбір деректерде аталған тауды Чогори деп те атайды. Алайда бұл тау К-2 атауымен әйгілі болған.



1856 жылы К-2 тауын Үнді барлау қызметі елшеген. Биіктігі 8611 м болатын К-2 тауы әлемдегі ең биік екінші тау болып саналады.



К-2 биіктігі 6000 м-ді құрайтын тасты тауларға жатады. Оны жергілікті тұрғындар «Чого Ри» деп те атайды. Ол «Ұлы тау» деген мағынаны білдіреді.



К-2 шыңы Пәкістан мен Қытай мемлекетінің шекарасында, екі елге де ортақ болатын даулы аймақта орналасқан.



Шыңға шығуға алғаш рет 1902 жылы Оскар Экерштейн мен Алистер Кроули талпыныс жасаған болатын. Бірақ саяхатшылардың сапары сәтсіз аяқталды.



Альпинистер үшін К-2 шыңына көтерілу Эверестке шығудан да күрделі болып саналады.



К-2 шыңына 1954 жылы 31 шілдеде Ардито Дезио басқарған италиялық экспедиция көтерілді. Осы топтың құрамындағы Линно Лачеделли мен Акилле Компаньони шыңға алғаш көтерілген альпинистер болып табылады.




Бұл тауға қыс кезінде жасалған сапар өш нәтиже беріп көрген жоқ.

К-2 әлемдегі ең күрделі және қауіпті тау болып есептеледі



Камет тауы

1100
ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК



Камет тауы
Гархвал Ги-
малайында
ор-
наласқан.
Ол – Үн-
дістанда-
ғы көлемі
жағынан
санағанда
үшінші орынды
иемденетін тау.

Дхаули өзенін бойлай
салынған жолдың аяғында
Гамсали жолы орналасқан.
Камет экспедициясы аталған жол арқылы жүрген.

*Камет тауы ең биік таулардың
арасында 29-шы орынды иеленеді*

Камет тауы Үнді-Тибет шекарасында орналасқан. Бұл
тау Камет, Аби Гамин, Мукут Парбат, Мана деп аталатын
шыңдардан тұрады. Олардың биіктігі мен орналасу
аймақтарын алғаш рет Ричард Стречей анықтаған.


Камет тауы Гархвалдың солтүстігінде Аби Гамин тауларына
жақын маңда тұр.

Камет тауының биіктігі 7620 м-ден асады. Ол альпинистердің
ең алғаш көтерілген Гималай шыңдарының бірі болып
табылады.

Тауға кетерілу үшін 1855 жылдан бастап талпыныстар
жасалған.



Камет – Суру өзені мен Карнали өзені арасындағы Гималайдың негізгі тізбегінің солтүстігінде орналасқан 3 асқар үстіртінің бір бөлігі.



Камет келемі жағынан Гархвал аймағындағы Нанда-Девиден кейін екінші орынды иемденеді



Биіктігі 7092 м болатын Мана, 6977 м-лік Пойнт, 6855 м-лік Деобан, 6519 м-лік Парбат шыңдары да Каметке жуық маңда орналасқан.

Камет тауына алғаш рет альпинистер 1931 жылы көтерілген



Канченджанга

1100
ҚЫЗЫҚТЫ АРЕКЕТ



Канченджанга немесе Кангченджанга Сикким – Непал шекарасында орналасқан Гималай үстіртінің бір бөлігі.



Канченджангада бес шың бар. Басты Канченджанга-ның биіктігі – 8586 м, оңтүстік Канченджанганың биіктігі 8491 м-ді құрайды. Орталық Канченджанга – 8478 м, Ялунг-Кангтың биіктігі 8505 м-ді құрайды. Ал Кангбачен деп аталатын шыңның биіктігі – 7902 м.



Канченджангаға 1998 жылы әйелдер арасынан алғаш рет Джиннет Харрисон көтерілді



Канченджанганың басты шыңы биіктігі бойынша әлемде үшінші орынды иемденеді.



Бұл тау тізбегіндегі басқа шыңдардың биіктіктері 8000 м-ден асады.



Канченджанга Үндістандағы ең биік тау болып саналады. Ол биіктігі бойынша Непалдағы екінші шың болып табылады.



Аталған тауды Дарджлинг бекетінен тамашалауға болады.



Канченджанга атауы жергілікті халықтың тілінен аударғанда «Қардың бес қазынасы» деген мағынаны білдіреді. Таудың оның бұлай аталуына ондағы бес шың себеп болған.



Канченджанга 1852 жылға дейін әлемдегі ең биік тау болып саналған.



Жергілікті лими тілінде тауды «Суеланма» деп атайды. Бұл «біз әрқашан сәлем беріп отыруға тиіс тау» деген мағынаны білдіреді.



Канченджанга шыңына бірінші болып 1955 жылы 25 мамырда құрамында Джордж Бэнд пен Джо Броун мүше болған британ экспедициясы сәтті көтерілген болатын.



Кирати діні бойынша Канченджанга киелі деп саналады.



Канченджанганың сыртқы көрінісі өте әдемі



Кунианг Киш

1100
ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК



Кунианг Киш
Пәкістанның
Қарақорым
тауындағы
Гиспар Музтаг
тау қырқасы
биік шыңда-
рының екіншісі
болып табылады.



Кунианг – Қарақо-
рымның негізгі мұздық-
тарының бірі. Кунианг Киш
Гиспар мұздығының сол жа-
ғында, Гиспар Музтагтың дәл
ортасында орналасқан.



*Кунианг Киш — тегіс,
биік, күрделі шың*



Тауға альпинистер үш рет сәтті кетерілген болатын.



Кунианг Киштің биіктігі 7823 м-ді құрайды. Ол әлемдегі ең
биік таулардың арасында 21-ші орынды иемденген.



Бұл – Кунианг мұздығының оңтүстігіндегі ең биік шың. Ал
мұздықтың солтүстік жағында Дистагил Кап орналасқан.



Таудың географиялық координаталары: 36 ° 12'19" С, 75 °
12'28" Ш.



Аталған тау Дистагил Сардан бастау алады.



Кунианг Кишқа алғаш рет 1971 жылы Анджей Завада
бастаған поляк тобы кетерілген еді.



Кунианг Кишқа шығуға 1962 жылы талпыныс жасалынған болатын. Бірақ кенеттен болған қар көшкінінің кесірінен екі альпинист қаза тапты. Осы себептен шыңға кетерілу мақсаты іске аспады.



Тау Кунаянг Кхиш, Кунианг Киш және Кхианг Киш деген түрлі атаулармен аталады.



Келесі талпыныс 1965 жылы жасалынды. Бірақ бұл жолы да 7200 м биіктіктегі тау тізбегі опырылып кетіп, тағы да бір альпинистің қаза болуымен аяқталды.



Кунианг Киш тауының биіктігі аймақтағы жер бедерінен жоғары. Ол Кунианг мұздығында орналасқан оңтүстік базалық лагерьден 4000 м биіктікте тұр.

Кунианг Киш тауының дөңестігі 1765 м-ді құрайды



Кик-эм-Дженни

1100
қызықты дерек



Кик-эм-Дженни – Кариб теңізінің түбінде орналасқан суасты белсенді жанартауы.



Бұл жанартау Гренада аралының солтүстігінен 8 шақырым және Гренадин Ронде аралының батыс жағында 8 шақырым қашықтықта орналасқан.



1960 жылдан бері Кик-эм-Дженни атқыламаған



Кик-эм-Дженни теңіз деңгейінен 1300 м биіктікте, Кіші Антиль аралдары қырқасының ішкі батыс беткейінде орналасқан.



Жанартау соңғы рет 2001 жылы атқылаған болатын.



Жанартаудың алғаш рет атқылауы ресми түрде 1939 жылы 23 шілдеде тіркелген. Алайда бұл жанартаудың бұдан бұрын талай рет атқылағаны туралы деректер бар.



Жанартау 1939 жылдан 2001 жылға дейін кемінде 12 рет атқылаған екен. Осы аралықтағы ең күшті атқылау 1939 жылы тіркелген. Осы атқылаулардың салдарынан аймақта жиі жер сілкіністері орын алған.



Жанартау биіктігі 1962 жылы теңіз деңгейінен төмен 235 м-ден 160 м-ге көтерілген.



ROV мұхит барлаушыларының кемесі арқылы жанартаудың ең әсерлі көрінісін тамашалауға болады. Тамаша көрініс Кик-эм-Дженнидің негізгі кратеріне және газ кепіршіктерінен тұратын дуалға жақындаған сәтте байқалады.



1939 жылғы атқылаудан кейін пайда болған бұлттар теңіз деңгейінен 275 м-ге дейін көтерілді.



Жанартау елді мекендер орналасқан маңызды аймақтардағы таяз суда тұр. Кик-эм-Дженнидің маңында белгілі бағыттары бойынша жүретін келік жолы бар.



Ертеректегі карталарда бұл жанартауды шағын арал ретінде белгілеген.



Жанартау 1939 жылы атқылағанда теңіз бетін қақ жара отырып, биіктігі 2 м болатын алып цунами пайда болған.



Кик-эм-Дженни 1939 жылға дейін белгісіз болған



Килиманджаро

1100
қызықты дерек



Килиманджаро – әлемдегі биік, қар басқан тау. Ол географиялық орнына байланысты «Экватор маңы тауы» деген атқа ие.



Килиманджаро Африка құрлығындағы солтүстік-шығыс Танзанияда орналасқан.



Кибо жанартауының төбесіндегі кратердің ені – 2,3 м



Килиманджаро – сөнген жанартау.



Килиманджаро Чагга халқы мен жергілікті тұрғындар үшін ете маңызды. Ол халықты жанартау топырағымен, сарқылмас мелдір таза сумен қамтамасыз етеді.



Килиманджароның басты екі шыңы – тасты Мавензи мен Кибона. Оларды ені 5 шақырым болатын биік аңғар бөліп тұрады.



Осы таудағы ең биік шың – Ухуру шыңы. Ол Кибо жанартауында орналасқан. Биіктігі 5895 м-ді құрайды.



Тауды ормандар қоршап тұр. Мұнда көбінесе сүтқоректілер тобына жататын жануарлардың сирек кездесетін түрлері мекен етеді.



Аталған жанартау трахибазальт, фонолит дөп аталатын тау жыныстарынан тұрады. Тауда шөлге төзімді өсімдіктер өседі. Сонымен қатар таудың 1800 м биіктігінде кофе, банан өсіретін жер төлімдері бар.



Килиманджаро Кибона, Мавензи және Шира деген атпен белгілі үш жанартаудың бірігуінен тұрады.



Килиманджаро тауының төбесін үнемі қар басып жатады.




Бұл тау Шығыс Африкадағы Ұлы Риф алқабының оңтүстігіне таяу жатқан 20 жанартаудың құрамына кіреді.



Килиманджаро – Африкадағы ең биік шың.

Тау Килиманджаро Ұлттық саябағының бір бөлігі болып табылады



Ключев Шоқысы

1100
ҚЫЗЫҚТЫ АДРЕС



Ключев шоқысында 10 түрлі кіші мұздық-тармен қатар, таудың солтүстік баурайында орналасқан ірі Ерман мұздығы бар.



Таудың басын жыл бойы қар басып жатқанымен, шыңында үнемі түтін мен бу тұрады. Ол қыртысы зерттелмеген, белгісіз кратердің әсерінен пайда болған.



Ключев шоқысы Солтүстік жартышардағы ең ірі белсенді жанартау болып табылады



Жергілікті тұрғындарда «Ключевті ерте замандағы кейбір халықтар қорғайды» деген түсінік қалыптасқан.



Ключев шоқысы Ресей Камчаткасындағы ең биік тау болып табылады.



Бұл Петропавловск–Камчатскінің солтүстік-шығысынан 380 шақырым қашықтықта, Камчатка өзенінің оң жақ жағасында орналасқан жанартау таулары болып табылады.



Бұл конус тәріздес жанартаулар Беринг теңізінен 100 шақырым қашықтықта орналасқан.



Жанартау ЮНЕСКО бойынша табиғи мұралардың бір бөлігі болып табылады.



Оның алғашқы атқылауы 1697 жылы тіркелген. Сол уақытта бері жанартау белсенді түрде атқылап келеді.



Ключев шоқысына Даниел Гаусс алғаш рет Биллингс экспедициясының екі мүшесімен бірге көтерілген болатын.



Таудың шыңында үнемі түтін мен бу шығарып тұратын кратер бар.



1931 жылға дейін тауға көтерілуге ешкім талпыныс жасамады. Кейінірек көптеген альпинистер тауға көтерілу кезінде лава-лардың салдарынан қаза тапты.

Бұл — Азия мен Еуропадағы ең биік әрі белсенді жанартау



Кула жанартауы

1100
ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК



Кула жанартауы
Түркияның
батысында
орналасқан.
«Кула» сөзі
гавай тілінен
аударғанда
«шексіз
жайылым»
деген
мағынаны
білдіреді.



Кула жанартауы
жанартау алқабын
қалыптастырады. Ол



*Кула өз аумағындағы конус пішінді
жанар-таулы шыңдарымен әйгілі*

Карапинар жанартау алқабында орналасқан орталық
Түркиядағы голоцен дәуіріне жататын С-3 жанартауынан 450
шақырым қашықтықта тұр.



Кула жанартауы белсенділігі жоғары жер қыртысында тұр.
Алқапта 10-нан 100-ге дейін жанартаулар болуы мүмкін.
Олар кластерде¹³ орналасқан.



Кула жанартауы аумағындағы жас жанартаулар плейстоцен
дәуіріне жатады. Жуықтап алғанда, олардың жасы 1,1 млн
жылды құрайды.



Кула облысындағы тұрғылықты аудандардың саны 500-
1100-ге дейін жетеді.



Кула аумағында атқылаған магма келемі басқа жанартау
алқаптарымен салыстырғанда аз кездеседі.



Кула жанартау алқабы жарылыс қалдықтары мен маар деп аталатын жанартау тау жынысынан тұрады. Кула лавасын сараптау барысында мантия көзі анықталған.



Куланың ең әйгілі өнімдерінің бірі — таудың төменгі бөлігінде өсетін Маули пиязы.



Жанартау маңындағы елді мекендерде ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал есіру жақсы дамыған.



Сөленди қаласының оңтүстік-батысында жанартаудың жарылыс қалдықтары мен маараларды кездестіруге болады.



Кула Түркияның батыс жағында орналасқан



Куьлунь

1100



қызықты дерек



Куьлунь немесе
Куьлунь Шань
Азиядағы ең ұзын
тау тізбектерінің
бірі болып
табылады.



Куьлунь тау
тізбегі Цинхай
провинция-
сында орналас-
қан. Оның ұзынды-
ғы – 1200 шақырым,
ені 60 шақырымнан 120 ша-
қырымға дейін созылып жатыр.
Тау тізбегі теңіз деңгейінен
5500 м биіктікте орналасқан.



*Арка Таг (Арк таулары)
Куьлунь тау тізбектерінің
дәл ортасында орналасқан*



Музтаг тауы осы тізбектің екінші биік шыңы болып табылады.



Цинхай провинциясындағы барлық таулар Куьлунь тау
тізбегіне жатады. Бұл тау тізбегін жергілікті халық ежелден
бері барлық таулардың атасы деп құрметтейді.



Куьлунь таулы асулары Голмудтың оңтүстігінде 160
шақырым қашықтықта орналасқан. Асудың биіктігі
2800 м-ден 4700 м-ге бірден кетеріледі, ал температура мен
қысым төмендей түседі.




Куьлунь тау тізбектері Тибет үстіртінің солтүстік бөлігін
бойлай, шығысқа қарай созылған. Ол Солтүстік Тибет
тізбегінің шекараларын құрайды.



Куьлунь «Дао жұмағы» деген атпен белгілі. Аңызға сүйенсек, бұл жұмаққа алғаш рет келген Чжоу династиясынан шыққан әмірші Му болған екен.



Куьлунь тауының шығыстағы тармағы Байанкала тауы деп аталады. Ол Қытайдағы ең ұзын қос езен – Янцзы мен Хуанхэнің арасында су айрығын қалыптастырады.



Баянкала тау тізбектері Тибет үстіртінің солтүстік шекарасын Орталық Азияның ішкі жазықтарынан бөліп тұр.



Алтын таулары Куьлунь тауларының солтүстік тау тізбегіндегі негізгі бөлік болып табылады. Керин аймағындағы «Әйел құдайы тауы» Куьлунь тау тізбектеріндегі ең биік шың болып саналады.



Куьлунь тау тізбектерінде жолдар аз




Лхоцзе



Лхоцзе – Гималайдағы биік тау. Ол жалпы биік таулардың қатарында төртінші орынды иеленеді.



Лхоцзе Тибет тауы мен Кхумбу Непал аумағының шектескен жерінде орналасқан.



Аталған таудың шығыс-батыс тау жоталары Эвересттің оңтүстігінде жатыр.



Лхоцзенің оңтүстік беткейі әлемдегі ең тік әрі тегіс тау беткейі болып табылады



Лхоцзе, әдетте, әлі ешкім шығып көрмеген сегізмыңдық¹⁴ ретінде қарастырылады.



Лхоцзе мен Эвересттің биіктігі 8000 м құрайтын тік жоталары Оңтүстікте орналасқан.



Лхоцзенің оңтүстік беткейі әлемдегі ең ірі беткейлердің бірі болып саналады



Лхоцзенің үш шыңы бар: Басты Лхоцзе – 8516 м, Лхоцзе Шардың биіктігі 8383 м-ді құрайды. Үшінші шың Орталық немесе Шығыс Лхоцзе деп аталады.



Лхоцзе мен Джомолунгма арасын ер-тоқым тәрізді тау жотасы бөліп тұрады. Ол – Оңтүстік ер-тоқым деп аталады.



Басты Лхоцзе осы Оңтүстік ер-тоқымнан небәрі 610 м ғана биік.



Лхоцзеге алғаш рет қыс мезгілінде, 1988 жылы 31 желтоқсанда поляк альпинисі шыққан болатын.



Лхоцзенің оңтүстік беткейі әлемдегі ең тік өрі тегіс тау беткейі болып табылады.



Аталған тау шыңына алғаш рет 1970 жылы 12 мамырда австриялық Зепп Майер және Рольф Вальтер көтерілген болатын. Лхоцзенің басты шыңына швейцариялық Эрнест Рейс пен Фриц Лухсингердің командасы 1956 жылдың мамырында шықты.



2008 жылдың желтоқсанында Лхоцзеге шығуға талпыныс жасаған 20 альпинист қаза тапты.

Лхоцзенің ұзын шығыс-батыс тау жотасы Эвересттің оңтүстігінде жатыр



Макалу

1100
ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК



Макалу Эверест тауының шығысында, бар болғаны 14 шақырым қашықтықта орналасқан. Ол оқшауланған тау болып табылады.



Макалу тауы Непал мен Қытай шекарасында орналасқан.



Макалу — әлемдегі көтерілуге қиын, күрделі таулардың бірі



Макалудың екі қосымша шыңы бар: Чомо онзо — 7804 м және Кангчунгце немесе Макалу II — 7648 м. Аталған шыңдар аңғар арқылы езара байланысып тұр.



Макалуға шығуға бірінші болып 1954 жылы Уильям Сири басқарған америкалық топ талпыныс жасап, сапар сәтсіз аяқталды.



Макалу тауына апаратын жол Непалдан алыс әрі шелді аудандарының бірі — Барун алқабы арқылы өтеді.



Макалу-Барун аймағы — түрлі өсімдіктер мен жануарларға бай аймақтардың бірі.



Макалу орманында көптеген жабайы аңдар тіршілік етеді. Олардың қатарында сирек кездесетін әрі жойылуға айналған қызыл панда, бұғы, Гималай тары¹⁵ мен барыс та бар.



Макалу-Барун Ұлттық саябағында 400-ге жуық әртүрлі құстар мекен етеді. Онда дақты Рен мен сайрағыш құстар да кездеседі.



Макалу тауы теңіз деңгейінен 8463 м биіктікте орналасқан. Сондықтан да ол әлемдегі ең биік таулардың бірі болып табылады.



Чомо Лонзо шыңы Макалудың қатарлас шыңы болып табылады. Ол шағын аңғар арқылы бөлініп тұрған ең биік шыңнан солтүстікке қарай созылып жатыр.



Тауға 1955 жылдың мамыр айында алғаш рет Жан Франко басқарған француз тобы шыққан болатын.

Макалу ең биік таулар арасында бесінші орынды иеленеді



Манаслу тауы



Манаслу тауы
Непал Гима-
лайының
бөлігі ретінде
Аннапурна
тауының
шығысында
орналасқан.



Бұл тау
Непалдағы
Ламджанг
аймағындағы ең
биік тау болып саналады.
Манаслу ете тегіс және үшкір шың.



*Манаслуды кейде
Кутанг деп те
атайды*



Манаслудағы жазық жоталар мен мұздықтар шыңға кез
келген жақтан көтерілуге мүмкіндік туғызады.



Тауды жасыл орман қоршап тұр. Ол алыстан қарағанда өте
әдемі көрінеді.



Манаслу Гурха массивінде бой көтерген.



Манаслу әлемдегі ең биік сегіз таудың ортасында тұр. Бұл
альпинистер үшін біраз қиындықтар туындатады.



Манаслу шыңынан Непалдағы сегіз сегізмыңдықтардың
жетеуін көруге болады. Ол – мұндай мүмкіндік беретін
әлемдегі жалғыз шың.



Алғаш рет 1953 жылы жапондық топ Манаслуға оның
солтүстік-шығыс беткейі арқылы шығу үшін талпыныс
жасады.



Манаслу атауы «Манаса» сөзінен шыққан. Ол «Киелі Рух тауы» деген мағынаны білдіреді.



1974 жылы жапондықтардан құралған топтағы барлық әйелдер де бұл шыңға көтерілген. Олар «биіктігі 8000 м-лік шыңға шыққан ең алғашқы әйелдер» ретінде тарихта қалды.



Манаслу — өлім жағдайлары жиі тіркелетін, төменгі байрауларында көшкін қауіптілігі жоғары өте күрделі шың.

Манаслу — әлемдегі ең биік сегізінші тау



Машербрум

1100
ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК



Машербрум Пәкістанның солтүстік аудандарында орналасқан, тас пен мұздан тұратын шың болып табылады.



Тау тізбегінің солтүстік беткейі тік, тар жоталары бірден биік шыңдарға ұласатын пирамида тәрізді болып келеді.



Тау альпинистер үшін үлкен тәжірибе алуға мүмкіндік береді



Машербрумға алғаш рет 1960 жылы АҚШ-Пәкістан экспедициясындағы Джордж Белл мен Вилли Ансоелд шыққан болатын.



Машербрум он терт сегізмындықтың төртіншісі болып табылады. Сондай-ақ ол – К-2, Гашербрум I, Броуд-Пик және Гашербрум II орналасқан Қарақорым тізбегіндегі биіктігі 8000 м шыңдардың арасындағы үлкен әрі ерекше шың.



Машербрум тізбегі Бальторо мұздығының оңтүстігінде орналасқан. Қарақорымның негізгі тізбегі Бальтороның солтүстігінде тұр.



Машербрум атауын жергілікті халық ойлап тапқан екен. Оны 1856 жылы Британ Патшалық инженерлер лейтенанты Томас Монтгомери К-1 деп атаған болатын.



Машербрум теңіз деңгейінен 7821 м биіктікте орналасқан.



1938 жылы тауға оның оңтүстік беткейінен шығуға талпыныс жасалынды. Бірақ сапар сәтсіз аяқталған.



1955 және 1957 жылдары тауға шығуға тағы да екі рет талпыныс жасалды, алайда олар да сәтсіз аяқталды.



Аталған тау Қарақорым тізбегінің Машербрум тізбекшесінің ең биік шыңы болып табылады.



Машербрумның дөңестігі 2457 м-ді құрайды.

Машербрум әлемдегі ең биік таулар арасында 22-ші орынды иеленеді



Моусон шыңы



Моусон шыңы Батыс
Австралия
дағы Перттің
оңтүстік-
батысынан
400 шақырым
қашықтықта,
Оңтүстік
Мұхиттағы
Херд аралында
орналасқан.



Моусон шыңы – Биг
Бен массивінің белігі болып
табылатын белсенді жанартау
кешені.



*Моусон шыңы Австралия
аумағындағы ең биік шың
болып саналады*



Аталған шыңды 1948 жылы Анапа Херд экспедициясы сэр
Дуглас Моусонның құрметіне Моусон шыңы деп атаған.



Таудағы ең биік жанартаулы шың Биг Бен деп аталады.
Биг Бен Хердтың дәл ортасында орналасқан. Оның ені 20
шақырымды құрайды.



Бұл жанартау кешенінде магма бағанасы жанартаудан
1 шақырым биіктікте орналасқан. Атқылау екі саңылау
арқылы жүзеге асады деген болжам бар. Оның біреуі Моусон
шыңы болып табылады.




1993 жылы қаңтар айының орта тұсында Моусон шыңында
жаңа лава ағыны байқалған.



1986 жылдың 21 желтоқсанында кратердің 40–50 м, 50–70 м
тереңдігінде лаваның қызу шамы байқалған.



Моусон шыңының кратері 1985–1987 жылдардағы атқылау-дан пайда болған. Бұл шыңға 1965 және 1983 жылдар аралығында шыққан альпинистер кратерді кере алмады.



Моусон шыңына, австралиялық Антарктика бөлімінің хабарлауынша, альпинистер тек үш рет қана көтерілген.



Моусон шыңы – Австралия аумағындағы белсенді екі жанартаудың бірі. Жанартаудың Херд аралындағы ұзындығы – 43 шақырым, ені 21 шақырымды құрайды.

Моусон шыңы теңіз деңгейінен 2745 м биіктікте жатыр



Майон жанартауы



Майон жанартауы
Филиппин мемле-
кетіндегі Альбай
Биколь аума-
ғындағы Лусон
аралында
орналасқан.



Майон – бел-
сенді жанартау.
Легаспи қала-
сының солтүстік-
батысында
15 шақырым
қашықтықта орналасқан.



Майон пішініне байланысты
«мінсіз конус» деген атқа ие
болған



Жанартау мінсіз конус пішінді.



Майон жанартауын вулканологтар стратожанартау тобына
жатқызады. Стратожанартау – қатқан лавалық тасқындар
мен борпылдақ материалдардың жиынтығынан құралған
көпқабатты құрылыс.



Майон жанартауы Еуразия және Филиппин плиталарының
шекарасында, плиталардың шектесу аймағында орналасқан.



Жанартау шыңы теңіз деңгейінен 2421 м биіктікте тұр. Ал
оның радиусы 48 шақырымды құрайды.



Майон жанартауы жалпы аумағы 6 га құрайтын, бес
муниципалитет¹⁶ пен үш қаланың ортасында орналасқан.



Бұл жанартау базальтты-андезитты жанартауларға жатады.




Майонның ең алғаш атқылауы 1616 жылы тіркелді.



Жанартау пироклас-тикалық лава ағында-рының әсерінен пайда болған.




Майон жанартауының ең ірі атқылауы 1814 жылы 1 ақпанда тіркелген. Осы атқылау салдарынан Сагзава қаласы түгел жойылып, 1200-ден астам адам кез жұмған. Жанартаудың 1993 жылғы атқылауы нәтижесінде 79 адам қайтыс болды.



Майон Филиппиндегі ең белсенді жанартау болып табылады. Ол соңғы 400 жылда 47 рет атқыла-ған болатын.

Майон өте белсенді болғандықтан, ол — бақылауға алынған жанартау



Мейдоб жанартау даласы



Сілтілі Мейдоб жанартау даласы Суданның батыс бөлігінде орналасқан.



Бұл жанартау даласы Кембрий дәуіріне дейінгі магматикалық және метаморфтық іргетастардың әсерінен пайда болды.



Мейдоб жанартау даласы шығыс-батыс бағытта созылып жатыр.



Жанартау даласының негізгі сипаты жарылыс қалдықтары, базальт конустары және олармен байланысты лава ағындары болып табылады.



Трахит, фонолиттік лава күмбездері, туф сақиналары және мааралар секілді тау жыныстары осы аймақтағы жас жанартауларда кездеседі.



Жанартау даласының орталық бөлігінде жас фонолитті лава ағындары, трахитті пемза шоғырлары, ингимбриттер және мааралар бар.



Бұл жанартау даласындағы ең алғашқы атқылау 5000 жыл бұрын орын алған. Сол кезде туф сақинасы мен лава пайда болған екен.



Малха Мейдоб жанартау даласының кратері болып табылады





Мейдоб жанартау даласы шығыстан батысқа 100 шақырым, солтүстіктен оңтүстікке 50 шақырымға созылып жатыр.



Зерттеушілердің пайымдауынша, Мейдоб жанартауының атқылауына себеп болған химиялық заттардың келемі 1400 шаршы шақырымды құрайды. Ал материалдар атқылап шыққан үстірттің қалыңдығы – 400 м.



Мейдоб жанартауы 5000 шаршы шақырымды алып жатыр. Оның кайнозой дәуіріне жататын 700 желдету саңылауы бар.

Малха кратері теңіз деңгейінен 105–130 м биіктікте орналасқан



Абу тауы

1100
ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК



Абу тауы теңіз деңгейінен 1219 м биіктікте орналасқан. Бұл Раджастан шелді аймағындағы оазис¹⁷ болып табылады.



Бұл аймақ жаз мезгілінде «жазғы астана» деген атқа ие болады. Себебі жасыл орманды таулы аймаққа демалушылар көп келеді.



Абу тауының басында бірнеше көл бар



Абу тауы бүкіл әлемнің түкпір-түкпірінен саяхатшылар арнайы баратын Дельвара Джейл мінажатханасымен белгілі.



Жыл сайын 3 млн-нан аса ұлттық және халықаралық саяхатшылар Абу тауының әсемдігін, есімдіктер мен жануарлар әлемін тамашалайды.



1965 жылдан бері Абу таулары жабық аймақ болып жарияланды.



Ежелгі заманда Абу тауын Шығыс-Үнді компаниясы Сирохи Махараджасынан жалға алған болатын.



Ол 1974 жылға дейін Раджпутана резиденттері үшін штаб-пәтер әрі әскерилерге арналған шипажай ретінде қолданылып келді.



Абу тауының тарихы ерте заманнан бастау алады. Ол Раджастан Гаухан әмірлігінің құрамында болған.



Абу тауының тамаша табиғаты субұрқақтар мен жасанды көлдерге, сарқырамаларға бай.



Бұл орынды джайндар қатты құрмет тұтады. Джайндар дегеніміз – ерте дәуірдегі дхарма дініне сиынушы топ. Абу тауының баурайында джайндардың бірнеше шіркеуі орналасқан. Сондықтан тау діни орын ретінде бағаланады.



Абу тауын бұрынғы заманда кептеген әулиелер мен данышпандар паналаған екен.

Абу тауының маңында түрлі демалыс орындары мен саябақтар бар





Адамс тауы



Адамс тауы – Каскад тауларындағы потенциалдық белсенді стра-тожанартау.



Бұл Каскад тізбектерінің биіктігі бойынша үшінші шың болып табылады.



Адамс тауының оңтүстігінде Ұлы Бұғаз атты ірі мұз құламасы бар



Адамс тауы жанартау конусының жоғарғы және батыс беліктері жабайы табиғат аймағына кіреді. Таудың шығыс бөлігі Якама аумағының құрамына кіреді.



Тау Цинциннати қаласы мен көрікті Огайо өзенінің ортасында бой көтерген. Адамс тауы 200 жылдан астам уақыт бойы Цинциннати тарихына куә болып келеді.



Қазіргі уақытта Адамс тауы баурайында 1300-ден астам тұрғындар мекен етеді. Онда бөлшек саудамен айналысатын ондаған кәсіпорын жұмыс істейді.



Қазіргі күні Адамс тауының 2%-ын мұздықтар басып жатыр. Соңғы мұз дәуірі кезінде оның 90%-ын мұздықтар алып жатқан.



Көптеген ірі мұздықтар, соның ішінде Кликатат, Лайман және Уайт Салмон Адамс мұздықтар тізбегінен бастау алады.



Адамс тауы Тынық мұхитының солтүстік-батыс жағалауына жақын орналасқан Хуан де Фука үстіртінен пайда болды деген болжам бар.



Адамс тауы Каскадтың басқа жанартауларымен салыстырғанда кейінгі плейстоцен дәуірінде пайда болған.



Жанартаудың ең ірі қапталдарының бірі Гоат Бат Адамстың шығысында орналасқан. Ол – базальт қалқанды жанартау.



Адамс тауы Крест Каскадтың екі жағында, Сент-Хеленс жанартауынан 50 шақырым қашықтықта орналасқан.



Адамс тауының биіктігі 3742 м-ді құрайды.

Адамс тауы Вашингтон штатында биіктігі бойынша екінші орынды иеленген



Апо тауы



Апо тауы Филиппиндегі Минданао аралындағы үлкен стратожанартау болып табылады.



Апо тауы – осы елдегі ең биік тау. Ол Давао қаласында бой көтерген.



Апо тауының ұшар басы жазық. Таудың үш шыңы бар. Апо тауы ені 500 м-ді құрайтын, шағын көлдері бар жанартау кратерінен тұрады.



Таудың атауы «шебер ата» деген мағынаны білдіреді.



Апо тауы – теңіз деңгейінен 3000 м биіктікте орналасқан Филиппиндегі ең биік тау. Оның шыңдары аспанмен таласып тұр.



Бұл тау Котабатодан, Давао дель Сурдан, Агусандағы Даваодан бастап Солтүстік Минданаодағы Мисамис Ориенталға дейін созылып жатқан ұзын таулы үстірт болып табылады.



Апо тауына Филиппиндегі альпинистер жиі көтеріледі. Себебі оның шыңына кетерілу оңай.




Апо тауы – биіктігі бойынша Азиядағы екінші тау



1936 жылдың 9 мамырында президент Мануэль Л.Кесон Апо тауын «Ұлттық саябақ» деп жариялады.



Жалпы тау 72796 га аумақты алып жатыр. Ол тропикалық ормандардан, өзендерден, сарқырамалардан, түрлі өсімдіктер мен жануарлардан тұрады. Апо тауы – жойылуға айналған филиппин бүркіті үшін таптырмас мекен.



Аталған тауға 1880 жылы 10 қазанда Дон Хоакин Раджал бастаған топ көтерілген болатын.



Мұндағы көз тартарлық көрікті орындардың бірі – Филиппиндегі ең биік көлдер қатарына кіретін, Апо тауының шыңына таяу орналасқан, аталған таудың көне кратері Ведано көлі болып табылады.



Апо тауының атауы «шебер ата» деген мағынаны білдіреді



Арарат тауы

1100
ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК



Арарат шығыс
Түркияда,
Иранмен,
Армениямен
және Нахи-
чеваньмен
шекаралас-
қан жерде
орналасқан.



Бұл жанартау
610–915 м
аралығындағы тегіс
жазықтардан әлдеқайда
биік. Арарат теңіз деңгейінен
5165 м биіктікте орналасқан.



*Арарат — Аляска мен
Еуропадағы ең биік тау*



Бұл – жүздеген таудан тұратын, 1000 шаршы шақырым
аумақты алып жатқан ежелгі Урарту әмірлігіндегі ең биік тау.



Арарат – лава ағындары мен пирокластикалық материал-
дардан құралған стратожанартау.



Таудың 4200 м биіктіктен жоғарғы бөлігі негізінен мұз жабы-
нын жамылған магмалық тау жыныстарынан тұрады.



Арарат тауының шыңы теңіз деңгейінен 5165 м биіктікте
орналасқан.



Бұл – Кавказды қоспағанда Аляска мен Еуропадағы ең биік тау.



Арарат – сөнген жанартау. Оның соңғы атқылауы 1840 жылы
2 маусымда орын алған болатын.



Арарат жанартауы біріккен екі конустан тұрады. Біріншісі – Үлкен Арарат. Биіктігі – 5165 м. Екіншісі – Кіші Арарат. Биіктігі – 3925 м.



Арарат тауында 30-ға жуық мұздық бар.



2004 жылы 1 қарашада Түркия үкіметі тауға келуші саяхатшылар санын арттырып, аймақтың экономикалық жағдайын жақсартамыз деген мақсатта Арарат тауы мен оның жан-жағын «35-ші Ұлттық саябақ» деп жариялады.



Қасиетті кітап Інжілде «Нұх пайғамбар кемесі жерді топан су басудан кейін Арарат тауының тұсына тоқтаған» деп жазылған.

Арарат киелі тау болып саналады



Араят тауы



Аумағы 3,715,28 га құрайтын Араят тауы Лусон аралындағы Пампанга провинциясында орналасқан.



Тау бөктерінде Араят тауының Ұлттық саябағы бар.



Араят – ұйқыдағы көне жанартау. Өткен ғасырларда мұнда ешқандай атқылау тіркелмеген.



Көктем мезгілінде Араят тауының бөктерінде саяжайлар көбейе түседі



Тау кеңінен танымал. Және ол қарапайым альпинизммен айналысуға қолайлы.



Кейінгі кезде Араят тауында ешқандай өзгеріс болмаған. Таудың айналасындағы 3700 га аумақ Араят Ұлттық саябағының құрамына кіреді.



Жанартау ауыл шаруашылығы дамыған жазық аумақта $15^{\circ} 12'С$, $120^{\circ} 45'Ш$ координаталары бойынша, Пампангадағы Араят қаласының маңында бой кетерген.



Араят тауының батысында ондаған шақырым қашықтықта Анджелс Сити және бұрынғы Кларк Эйр Бейз орналасқан. Ал батыста Пинатубо да орын тепкен.



Араят тауының биіктігі – 1026 м.





Араят тауында жанартаудың атқылауы мүлдем тіркелмеген, ол голоцен дәуірінде белсенді болды деген болжамдар бар.

Анджелес Сити – Араят тауына шығушыларды жөнелту орны болып табылады.



Жанартау соңғы 2000 жыл бойы белсенді болды деген ақпарат бір академиялық баяндамада көрсетілген, алайда бұл жанартаудың геотермиялық белсенділігіне жатады.



Тау шыңына апаратын жолдың бойында егу кезінде жап-жасыл түске, ал дақыл жинау кезінде сары алтын түске боялатын күріш алқаптары жатыр.



Араят тауы — Лусан аралындағы сөнген жанартау



Асама тауы

7100
ҚЫЗЫҚТЫ АДРЕС



Асама тауы Хонсю басты аралының орталығында, $36^{\circ}4' \text{ С}$ және $138^{\circ}53' \text{ Ш}$ координаталары бойынша орналасқан.



Асама – стратожанартау. Ол жанартау қалқанында қайта қосылатын екі кратері бар жас стратожанартаулардан тұрады.



Асама жанартауы қазіргі күнге дейін атқылауда



Асама жанартауының 2009 жылғы атқылауы кезінде Токио қаласының бір белігі түгелдей күлге айналған.



Бұл – Жапониядағы ең ірі және белсенді жанартаулардың бірі.



Асама тауы 2008 жылдың тамыз айында атқылаған болатын. Бұл атқылау ешқандай зардап әкелген жоқ.



Асама жанартауы 2009 жылы соңғы рет 1 қыркүйекте атқылады. Жанартаудың ең адуынды белсенділігі 1983 жылдың сәуірінде байқалған. Жанартаудың атқылауы барысында қызған тастар жан-жаққа лақтырылып, ормандарда ауқымды өрт туындаған.



Асама жанартауының биіктігі – 2540 м. Ол Гунма мен Наганоның шекарасында орналасқан.



Асама тауы – үш қатпардан тұратын құрама жанартау. Ол Каруйзаваның солтүстік-батысында бой көтерген.



Асама жанартауының ең ірі атқылауы 1783 жылы тіркелді. Осы атқылау барысында 40-қа жуық елді мекен жойылып, 10 000-ға жуық адам көз жұмған.



Асама тауы теңіз деңгейінен 2550 м биіктікте жатыр.



Асама – Жапониядағы белгілі 100 таудың бірі



Адзума тауы

1100
ҚЫЗЫҚТЫ АДРЕС



Адзума таулары
Бандай-Асахи
Ұлттық саяба-
ғында орна-
ласқан. Ол
бірнеше жа-
нартаудан
тұрады.



Атап айтқан-
да: Хигаши-
Асума-сан, Ис-
сайкио-ямо, Адзума
Кофуд-жи және Ниси-
Асума-сан жанартаулары.
Бандай Адзума Скайлайн
және Бандай Адзума Лейклайн жолдары арқылы жүре
отырып, таудың көрікті келбетін тамашалауға болады.



Адзума тауының ор-
тасында ормандар бар



Жанартаулар теңіз деңгейінен шамамен 1350 м биіктікті
құрайтын тау арасындағы жолдарға жақын орналасқан.



Адзума-Кофуджи Жапониядағы Фукусима префектурасын-
дағы сөнген стратожанартау.



Адзума тауындағы кратер және көптеген онсэндары¹⁸ мен
таяу фумаролалы¹⁹ аймақтар тауды өлемге таныта түсті.



Бандай-санның биіктігі – 1819 м. Ол Асахи Ұлттық саябағы-
ның оңтүстік шетінде орналасқан. Бандай-сан Жапониядағы
ірі ұлттық саябақтар арасында Дайсетсузан Хоккайдодан
кейін екінші орында.



Кектем мезгілінде Адзума тауының беткейінде қардың еруі салдарынан ақ қоянның бейнесі пайда болады. Адзума тауы конус пішіндес.



Адзума тауы орналасқан таулы аймақ Хонсю аралындағы тау тізбектерінің белігі болып табылады. Жапония теңізі мұндағы климатқа әсер етіп, өзгертіп отырады.



Адзума тауына қар қалың түседі. Сол себепті тау тізбегі бойында қалың қатпарлардан тұратын батпақтар көп.



Адзума жанартаулар тобы Гошики-Нума, «Бес түсті» келдерін қоса алғанда, бірнеше жанартау келдерінен тұрады.

Таудың тамаша табиғаты мен тартымды кратері Адзуманы әйгілі саяхат орталығына айналдырды





Бейкер тауы



Бейкер тауы Вашингтон штатының солтүстік Каскад жағында, шамамен алғанда, Белингэм тауының шығысынан 50 шақырым қашықтықта орналасқан.



Бұл Вашингтон штатындағы ең биік таулар қатарынан төртінші, Каскад тауларының арасынан алтыншы орынды иемденеді.



Бейкер тауының
биіктігі – 3285 м



Бейкер тауы – Каскад жанартаулары арасында Рейниер тауынан кейінгі мұз жамылып жатқан екінші тау.



Бейкер тауында қардың кептігі соншалық, 1998–1999 жылдары 3 м келемде жауған қардың деңгейі бойынша рекорд жасаған болатын.



Бейкер тауы саяжайы Снокуалми Форест аймағында орналасқан. Онда адамның тіршілік етуі мүмкін емес. Саяжайға ең жақын орналасқан қала – Вашингтон штатындағы Глейсиер қаласы.



Бейкер тауындағы қар мен мұз келемі Каскадтағы басқа жанартаулардағы қар мен мұз келемінен асып түседі.



Бейкер тауында жанартау белсенділігі 1975–1976 жылдар аралығында байқалды.



Ол әлі де атқылайды деген болжамдар бар.



Бейкер тауының қауіптілігі – түрлі ағындар. Онда күл, тас және су ағындары байқалған.



Бейкер ағындары АҚШ-тың солтүстік-батысында орналасқан Сиэтл сияқты ірі қала тұрғындарының өмірін қиындатады. Сан-Хуан аралының айлақтарын қиратады.



Бейкер тауы шаңғымен сырғанау және жаяу жүргіншілер саяхатына өте қолайлы болуымен әлемге әйгілі.

Бейкер тауын үнемі мұз басып жатады



Бона тауы

1100
ҚЫЗЫҚТЫ АДРЕС



Бона тауы биіктігі бойынша Құрама Штаттардағы төртінші және Солтүстік Америкадағы ең биік шыңдар арасында он бірінші орында.



Бона Аляскадағы Врангел таулары мен шығыс Канадаға қарай созылып жатқан Элиас тау тізбектерінің артында орналасқан. Сырт көзге Бона тауы аталған таулардың артында жасырынып тұрғандай әсер қалдырады.



Бона тауы — АҚШ-тағы ең биік бесінші шың



Тау массивін түгелдей дерлік мұз алқаптары мен мұздықтар басып жатыр. Канададағы Юкон аймағының шығысындағы 64 км қашықтықта созылып жатқан Клуэлан мұздығы Бона тауынан бастау алады.



Тауға атау берген Абуруши герцогі, князь Луилджи Амедео еді. Ол осы маңның оңтүстік-шығысында 130 шақырым қашықтықта жатқан Әулие Илья тауына көтеріліп бара жатып, Бона тауын көрген екен. Бұл оқиға 1897 жылы болған.



Оның шыңы дөңестігі бойынша Аляскада 25-ші орынды алады.




Бона тауының биіктігі шамамен 5030-5045 м аралығында.



Бона тауы альпинистерге өте қолайлы. Себебі бұл тауға шығу өте оңай. Бона тауы – экспедиция өткізуге және өз бетімен тауға шығу тәжірибесін жинақтауға таптырмас орын.



Бона тауының қиындығы – жарықшақты болып келуінде. Бұл тауға алып баратын жол ұзақ.



Бона тауына алғаш рет 1930 жылы А.Карпе, А.Тейлор және Т.Мур көтерілген. Бұл – Аляскадағы биіктігі жөнінен 5-ші орында тұрған тау.

Бона жабайы аймақта орналасқан



Камерун тауы

1100



ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК



Батыс Африкадағы Камерун тауы тропикалық ормандардан басталып, тау тізбегіне ұласады.



Камерун тауында көптеген құстар мекендейді. Түрлі өсімдіктер өседі. Ондағы көптеген өсімдіктер емдік мақсатта қолданылады.



Камерун жанартауы теңіз деңгейінен 4100 м биіктікте орналасқан



Камерун тауының баурайында 100-ден астам жанартау ошақтары бар.



Мұнда жанартау атқылауының әсерінен жер сілкіністері жиі орын алады.



Қазіргі кезде Камерун тауы – Атлант мұхитындағы Пагалу аралынан бастап, Биу жанартау үстіртіне және Камерундегі Нгаундерге дейін созылып жатқан жанартау тізбегіндегі жалғыз белсенді жанартау.



Камеруннің 45 шақырымға дейін созылып жатқан алып күмбезі бар.



Камерун тауы мен Биоко тау ормандары аймағына жанартау ормандарының төрт бөлігі кіреді.




Бұл аймақ Камерун жанартау тізбегі секілді белсенді жанартау аймағының бір бөлшегі болып табылады.



Камерун жанартауы «Фако» деген атпен белгілі болған.



Жергілікті тұрғындар жанартауды «Монго ма Ндеми» деп те атайды. Ол соңғы рет 2000 жыл бұрын атқылапты.



Камерун тауының баурайындағы табиғи аймақтардың көп бөлігі Камерун Даму корпорациясының (ҚДК) мәншігінде.

Камерун жанартауы — Батыс Африкадағы ең биік таулардың бірі



Черчилль тауы

1100
ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК



Черчилль таулы
тізбегі Әулие
Илья тау-
лары маңында
орналасқан.



Бұл тауда
ең биік Квар-
тернари
жанартауы бар.



Бона тауындағы биіктігі
5005 м-ді құрайтын ең биік шың
кіші Черчилль тауының орта
беліне 4 шақырым жерде кесе-
көлденең жатыр.



*Черчилль тау тізбе-
гіндегі шың күрделі,
оган шыеу өте қиын*



Черчилль және оның көршісі Бона тауы мұз басып жатқан, ірі
стратожанартаулар болып табылады.



Черчилль биіктігі бойынша АҚШ-та төртінші және Солтүстік
Америкада жетінші орынды иеленеді.



Черчилль жанартауы атқылаған жағдайда бүкіл Юкон және
Солтүстік-Батыс аумақтың оңтүстік бөлігіне айтарлықтай
зардаптар әкелетін еді.



Черчилль тауына алғаш рет 1951 жылы Р.Гейтс пен
Ч.Линдберг кетерілген.



Ғалымдардың пайымдауынша, тау негізінен жас жанартау
жыныстарынан тұрады.



Жанартаудың күл қоры 25-тен 5 шаршы шақырымға бағаланады.



Бұл жанартаудың солтүстік-батыс Канададағы және таяу жатқан шығыс Аляскадағы 340000 шаршы шақырым аумақты зақымдау қаупі болған.



Черчилль тауынан Ақкүл өзені бастау алады.

Альпинистер Черчилль тауына шығуға жиі әрекет жасайды





Эльбрус тауы



Эльбрус –
Еуропадағы ең
биік шың.
Ол Орта-
лық Кав-
каз тау-
ларының
бір бөлігі
болып
табылады.
Эльбрус бас-
ты тау тізбегінің
солтүстігінен бірнеше
шақырым қашықтық-
та орналасқан.



Эльбрус – Еуропадағы ең биік шың



Эльбрус сонымен қатар Ресейдегі ең биік нүкте болып саналады.



Таудың құрылысы жанартаулы болып табылады. Эльбрус жанартауы баяғыда сенген. Алайда таудың еңістеу келген конус пішіні сақталған.



Тау басында конус тәріздес екі шың бар. Олардың біріншісінің биіктігі – 5622 м, ол екінші шыңның батыс жағында орналасқан.



Тау және оның алып мұздықтары 85 м² аумақты алып жатыр. Тау шыңынан бүкіл Кавказды тамашалауға болады.



Эльбрустың орта тұсын мұз басқан. Мұзды аймақ Кавказдың биіктігі 5000 м-ден асатын бірнеше шыңдар тізбегінің солтүстігінде орналасқан.



Эльбрус мұздықтарынан Баксан, Кубань және Малка өзендері бастау алады.



Оған келушілер таудың әсем табиғатын тамашалай алады.



Эльбрус тауы Еуропа мен Азия арасындағы алып қарауыл мұнарасы секілді.



Эльбрусқа апаратын жаяу жүргінші жолы ете ұзақ және күрделі. Ал техниканың кемегімен тауға оңай жетуге болады.



Эльбрус голоцен дәуірінде белсенді болды деген деректер бар.

Эльбрустың тұрақты мұз жабынында 22 мұздық бар



Элгон тауы

1100
қызықты дерек



Элгон тауы сөнген жанартау болып табылады. Ол Кения мен Уганда шекарасында екі жаққа созыла орналасқан.



Таудың биіктігі 4320 м-ді құрайды. Тау биіктігі бойынша Кенияда екінші, ал Африкада төртінші орынды иеленеді.



Элгон тауы Ұлттық саябағы 169 шаршы шақырым аумақты алып жатыр



Элгонның биік шыңы Вагагай деп аталады. Оның биіктігі 4321 м-ді құрайды.



Тау жергілікті тұрғындар үшін ағаш, бал, бамбук, жабайы аңдар еті және дәрілік өсімдіктер сияқты түрлі енімдерімен бағалы.



Ол Найробидан 470 шақырым қашықтықта орналасқан. Тау жалпы 169 шаршы шақырымды алып жатыр.



Таудың төменгі баурайы өсімдіктерге бай. Ал Элгонның солтүстік бөлігі құрғақ болып келеді.



Элгон 1968 жылы саябақ ретінде жарияланған болатын.



Мұндағы климат ылғалды. Осының әсерінен таудың құрғақ аймағы біраз дымқылданады. Жылдық жауын-шашын көлемі 1,270 мм-ден асады.



Құрғақ кезең маусымнан тамыз айына дейін және желтоқсаннан наурыз айына дейін созылуы мүмкін. Дегенмен кез келген сәтте жауын жауып кетуі ықтимал.



Элгон тауы Ұлттық саябағы таудың солтүстік-шығыс жағында орналасқан.



1896 жылы С.В.Хоблей тауды толығымен айналып шыққан алғашқы еуропалық атанды.



Таудың баурап алатын әсемдігі аймақты демалыс орнына айналдырды. Таза ауасы мен тамаша табиғаты саяхатшылардың жиі келуіне ықпал етеді.

Элгон тауына саяхатшылар көп келеді



Эребус тауы

1700
қызықты дерек



Эребус тауы
Антарктикада
биіктігі
бойынша
екінші орын-
ды ғана
иеленеді.
Ол 1841
жылдан бері
белгілі бо-
лып келеді.



Эребустың көлемі
өте үлкен. Ол – Расса
аралдарын құрайтын үш
жанартаудың бірі.



*Жанартау лавасының
құрамы соңғы 1700 жыл
бойы өзгермей келеді*



Эребус полигенетикалық стратожанартау ретінде жіктеледі.



Эребус тауы Антарктиканың Росс теңізіндегі Росс аралында
орналасқан. Биіктігі 3743 м-ді құрайды.



Эребус – әлемдегі ең биік жанартаулардың бірі. Тауға алғаш
1841 жылы британдық зерттеуші Джеймс К.Росс көтерілген
болатын. Тау оның кемесінің құрметіне кеме атымен
аталған.



Эребус тауы – Тынық мұхитындағы 160-тан астам белсенді
жанартаудан тұратын жанартау ошағының бір бөлігі.



Эребус тауы Антарктикадағы анағұрлым белсенді жанартау
болып табылады. Тау басында тұрақты фонолитикалық
лава көлі бар.



Жанартаудың төменгі бөлігі оның қалқаны болып саналады. Ал жоғарғы бөлігі конус тәріздес болып келеді. Этна тауы да дәл осы сияқты Эребус тауына өте ұқсас. Ол Росс теңізінің түбіндегі тіректерінен бастап 4500 м-ге көтеріледі. Оның келемі – 1800 шаршы шақырым.




Эребус тауының үлкен және тұрақты магма жүйесі бар. Жанартау үнемі белсенді күйде.



Қазіргі уақытта Эребус жанартауы ашық желдету жүйесі ретінде атқылауда.

Эребус Росс аралының батыс бөлігінде орналасқан





Эверест тауы



Эверест тауы туралы естімеген, тау жөнінде білмейтін адамдар өте аз деуге болады. Себебі ол биіктігімен әлемге танылған. Эверест 60 миллион жыл бұрын пайда болған.



1950 жылы сэр Эдмунд Хиллари және Тензиг Норгей оның таңғажайып шыңына көтерілгеннен бері, тау әлемге танымал бола бастаған.



Эверест тауы



Тау солтүстік ендігі $27^{\circ} 59'$, $86^{\circ} 55'$ шығыс бойлық бойынша орналасқан.



Эверест Гималайдағы биіктігі 7135 м-ден астам 30-дан аса шыңдардың бірі ғана.



Ол Непалдағы Сагарматха мен Қытайдағы Тибет аймағының шекарасында орналасқан.



Эверест тауының шыңы теңіз деңгейімен есептегенде ең биігі болып табылады. Басқа да бірқатар таулар Эвересттің баламасы ретінде алынады.



Тау шыңының биіктігі оған жауған қарға байланысты 6 м немесе одан да көп шамаға ауытқып тұрады.



Эверест тауына Непал жағынан оңтүстік-шығыс жотасы және Тибет жағынан солтүстік-шығыс жотасы арқылы шығуға болады. Ал тауға шығуға арналған басқа да көптеген бағыттар сирек қолданылады.



Эверест тауын үнемі қар аралас мұз қатпары басып жатады



Гималай тауларының басым бөлігін қар алқаптары алып жатыр. Эверестті «Тибетте Джомолунгма» деп те атайды.

Эверест — әлемдегі ең биік таулардың бірі



Фокс тауы

1100
ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК



Фокс тауы
100 000 жыл
бұрын орын
алған
қуатты
жанартау
жарылы-
сы нәтиже-
сінде пайда
болған.



Оның жанында дәл
Жоффра тауларындағыдай
Кананскисе көлі мен өте биік
шыңдар бар.



*Үлкен кратері бар конус
пішінді Фокс тауы ежелгі
жанартау болып табылады*



«Бомбалар» деген атпен белгілі
келденең жолақты тау жыныстары Фокс
тауының қатты атқылауының дәлелі болып табылады.



Жанартау атқылау барысында сыртқа шыққан магма қатып,
«бомба» пішіндес болып қалған. Олардың кейбіреулерінің ені
1 м-ден асып түседі.



Фокс тауы бөктеріндегі жайқалған өсімдіктер бірқатар ұсақ
жануарлар үшін қорған болады. Қыс мезгілінде аталған
«бомбалардың» үстінде жылынып жатқан кесірткелер мен
басқа да бауырымен жорғалаушылар көзге түседі.



Жаздың аптап ыстық күндері өсімдіктер жануарларды күн-
нен қорғайды. Және де шалғынды аймақ жердегі құстардың,
мысалы, беденелердің жұмыртқалауына өте қолайлы.



Фокс тауы провинциялық саябағы күндіз ғана қызмет етеді.



Робсон тауы Фокс тауының батыс қақпа жағында 7 шақырым қашықтықта орналасқан. Ол Хайуей жағынан тамаша көрініс береді.




Оның географиялық координаталары: $18^{\circ} 49' 0''$ О, $145^{\circ} 50' 0''$ Ш.



Фокс тауы жолы құрғақ Калверт аймағындағы Стейт Хайуэйдің шығыс жағындағы Фокс Глейсиер елді мекенінің оңтүстігінде 3 шақырым қашықтықта орналасқан.



Азғантай лава ағынды кратері бар конус пішінді шыңның биіктігі 120 м-ді құрайды.



Фокс тауы Альберта-Британия Колумбия шекарасына, Калгаридың оңтүстік-батыс бөлігіне дейін созылып жатыр.

Фокс тауы 100 000 жыл бұрын орын алған қуатты жанартау жарылысы нәтижесінде пайда болған




Хасан тауы

1100
ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК



Хасан тауы
Түркиядағы
Нигде провин-
циясында-
ғы сөнген
жанартау
болып табы-
лады. Оның
биіктігі 3253
м-ді құрайды.

Қазіргі
уақыттағы шыңға
жақын орналасқан
кальдералар
б.з.д. 7500 жыл бұрын пайда болған.



*Хасан сөнген
жанартау болып
есептеледі*



Тау «Хасан Даги» деген атпен де белгілі. Таудың әсем
табиғатын көпшілік сүйіп тамашалайды.



Орталық Анадолыдағы массивті қос шыңды стратожанартау
салдарынан Хасан тауындағы төрт кальдера қираған. Соның
нәтижесінде ені 4-5 шақырымды құрайтын кальдера пайда
болды.



Хасан Даг Чатал халқы үшін құрметті тұлға болған.
Кратердің батыс жағында Хасан Дагтың зираты бар. Хасан
Даг XII ғасырда II Кылычарслан сұлтанның тұсында армия
командирі болған.



Тауға келікпен жету мүмкін емес. Сол себепті тау шыңына
шығу үшін алты сағат бойы жаяу жүруге тура келеді. Ал қыс
мезгілінде Хасан тауына көтерілу өте қауіпті.



Таудың биік шыңдарын одан сәл кішілеу шыңдар қоршап
тұрады. Бұл көрініс Хасан тауы некерлері қоршап тұрған
патша бейнесін елестетеді.



Шыңда тұрып Орталық
Анадолы үстіртін,
сонымен қатар
бүкіл Кападокияны
тамашалауға болады.




Хасан тауының қар
басқан шыңының
биіктігі – 3268 м. Ол
Ақсарайдағы жолдан ары
қарай алыс аймақта орналасқан. Хасан тауы мәдени
саяхаттау орталығы болып табылады.



Хасан тауының бөктерінде
мәдени әрі тарихи
құндылықтар бар.
Олар: Нора ежелгі
қоныстары,
Саригол
шіркөуі
және т.б.

*Хасан тауы Орталық Анадолыда
биіктігі бойынша екінші орын алады*



Кения тауы

1100



қызықты дерек



Кения тауы танымал саяхат орталығы болып табылады.

Тау Найробидің солтүстігінде

180 шақырым

қашықтықта орналасқан.

Кения тауын

Найроби мен

Тиканың зәулім

ғимараттарын-

да тұрып та та-

машалауға болады.



Кения тауы биік таулы аймақта жатыр.



Кения — 2 миллион жыл бұрын пайда болған сөнген жанартау



Тау 3200 м биіктікте тұр. Ол қорғалатын аймақ болып саналатын Кения Ұлттық саябағында орналасқан.



Кения тауы Кениядағы ең биік тау болып саналады. Ол Африкада биіктігі бойынша екінші орынды иеленеді.



Таудың ең биік шыңдары: Батиан — 5199 м, Нелион — 5188 м және Ленана — 4985 м.



Бұл — сөнген жанартау. Ол соңғы рет, жуықтап алғанда, 2,6–3,1 млн жыл бұрын атқылаған.



Кения тауы экваторлық аймақта орналасқан. Онда тамаша жартастар мен мұздықтар бар.



Кения тауындағы ең биік шың — Нелион шыңы.



Тауда 12 мұздықтың қалдықтары бар. Қазіргі кезде аталған мұздықтар еріп жатыр деген деректер бар.



Кения тауының Жабайы табиғатты қорғау ұйымы жойылуға аз қалған жануарларды Ұлттық саябақтар мен қорықтарға кешірді. Өте сирек кездесетін аң, құстарды аңшылар мен басқа да қауіптерден қорғау үшін, қауіпсіз аймақтарға орналастырып, бақылауға алды.



Көлдер мен көгалдарда, түрлі өсімдіктерге бай өлке мен тамаша табиғатта серуендеу адамға тамаша әсер қалдырады.

Кения тауының кейбір аймақтары ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілген



Керинчи тауы



Керинчи тауы Индонезиядағы ең биік жанартау болып табылады. Керинчи тауы Индонезиядағы орталық-батыс Суматраның Пегунунганда аймағында орналасқан.



Бұл жердің езіне тән ерекшелігі – қоршалып тұрған бассейннен 2400–3300 м биіктікте орналасқан емен ағаштарының орманы бар. Керинчи тауының маңы Ұлттық саябақ болып табылады.



Жанартау төбесі жазық



Керинчиға Керсик То елді мекені арқылы көтерілуге болады.



Керинчи жыл сайын атқылап тұратын, басқа индонезиялық жанартаулармен салыстырғанда белсенді жанартау болып табылады.




Керинчи соңғы рет 2004 жылы атқылаған болатын. Тау басынан 1000 м биіктікке таралған күкіртті түтіннен тұратын бұлттар шыққан. Жанартау әлі күнге дейін атқылауда.



Саябақта әлемге танымал ең ірі гүлдер өседі. Олардың қатарында адам шошырлықтай ірі, паразит болып табылатын қызыл гүл Рафлезия Арнольди және биіктігі 2 м болатын алау іспетті Аморфоппалус Титанум гүлі де бар. Ол жерден түрлі құстарды тамашалауға болады.



Керинчи тауы шыңының биіктігі 3805 м-ді құрайды. Ол – Ириан-Джая Пунсак Джаявиджаядан кейінгі Индонезиядағы ең биік екінші тау.



Керинчи тауында мүйізтұмсықтар, жолбарыстар, пілдер, аюлар мен жабайы жануарлар кездеседі.



Аталған тау батыс жағалауға таяу Пенунгуан Букит Бари-санда, аралдың батыс орталық бөлігіндегі Джамби провинциясында орналасқан.



Керинчиге жеңіл келікпен Падангтан 6-7 сағат уақытта Керск Туо елді мекені арқылы көтерілуге болады.



Керинчи алғаш рет 1934 жылы атқылаған болатын



Киркпатрик тауы

1100
қызықты дерек



Киркпатрик – Антарктидағы биік тау. Ол Дикерсон тауының батысында 8 шақырым қашықтықта орналасқан.



Киркпатрик ез тау тізбегінде де, трансантарктикалық таулар тізбегінде де ең биік нүкте болып табылады.



Киркпатрик – таудың балама атауы



Ол Батыс Антарктида тізбектерінен бастау алады.



Киркпатрик тауы ең қысқа, бірақ Антарктида тізбегіндегі ең биігі болып табылады.



Киркпатрик тауында Антарктидадағы ежелгі хайуандардың тасқа айналған бейнелері кеп кездеседі.



1907–1909 жылдар аралығында тауға алғаш кетерілген және оған атау берген Британ антарктикалық экспедициясы болатын.



Тау экспедицияны қаржыландырған Глазголық демеушінің құрметіне сол адамның есімімен аталған болатын.



Киркпатрик тауында ғылыми мәлімет бойынша алғашқы динозавр табылған. Оны ірі жыртқыш Криолопозавр деп атаған.



Киркпатриктің биіктігі
Эверест тауымен салыс-
тырғанда
305 м-ге аз.



Киркпатрик тауының
құрылымында бірнеше
қатпар бар, олардың
әрқайсысы әртүрлі тау
жыныстарына жатады.



Киркпатрик тауы үнемі мұз жабынын жамылып жатады.
Таудың биіктігі – 4528 м.



Киркпатрик тауының
ең жоғарғы қатпары
базальттан тұрса,
Хансон құрылымы
негізінен құмтас-
тан құралады,
ал басқа қат-
парлар жанар-
тау қалдық-
тарынан
тұрады.



Киркпатрик тауына шығуға ең қолайлы ай – сәуір айы



Эми-Кусси тауы


1100
ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК



Эми-Кусси тауы –
Тибести тау
тізбегіндегі ең
биік тау.



Ол солтүстік-
батыс Чад-
тағы Тибести
массивіндегі
Фаяның солтүс-
тік-батысы-
нан 166 шақырым қа-
шықтықта орналасқан.



Эми-Кусси жанартауы
4600 шаршы шақырымды
алып жатыр



Бұл тау пирокластикалық
қалқанды жанартау болып саналады.



Эми-Кусси жанартауы – Тибестидің оңтүстік бөлігіндегі биік
қалқанды жанартау.



Жанартау Тибести массивіндегі бірнеше жанартаудың
бірі болып табылады. Ол теңіз деңгейінен 3445 м биіктікте
орналасқан.



Тау өзін қоршап тұрған құмды жазықтан 2,3 шақырым
биіктікке көтеріліп тұр.



Тау маңында Куси деп аталатын елді мекен бар.




Эми-Кусси – белсенді жанартау. Ол голоцен дәуірінде пайда
болған деген деректер бар. Аталған жанартау алғаш рет
1938 жылы атқылаған.



Жанартауда екі кратер бар. Сондай-ақ онда екі кальдера бар. Оның сыртқысының ені 12-15 шақырымға дейін барады.

Біріншісінің диаметрі – 12х15 шақырым, ал екіншісінің көлемі 2-3 шақырымды құрайды. Тереңдігі – 350 м.



Эмми-Куси әйгілі марсиандық жанартау Элизиум Монстың баламасы ретінде қолданылған болатын.



Кальдераның ішінен қалқанның сыртқы бүйіріне қарай көптеген лава күмбездері, шлак конустары және лава ағындарын байқауға болады. Оның ені 60-тан 80 шақырымға дейін жетеді.

Эми-Куssидің биіктігі 3445 м-ді құрайды



Малиндиг тауы



Малиндиг тауы
Маридюк
аралын-
дағы ең ірі
тау болып
табылады.
Малиндиг
тауға шығу
мен аралға
жорық жа-
сау жағы-
нан альпинистер
арасында ете танымал.
Ол езінің табиғи құры-
лысымен еркешеленеді.



*Малиндиг бұрынғы кезде
Марланга деген атпен
танымал болған*



Тау аралдың оңтүстік шетінде
Сибуйан теңізіне жақын орналасқан.



Малиндиг тауы жабайы өсімдіктерге бай. Бұл тауда түрлі
жабайы жануарлар мекендейді.



Бұл сенген жанартаудың үш шыңы бар. Оған көтерілу оңай.



Филиппин аралдарында америкалықтар билік еткен кезеңде,
Малиндиг тауларын олар «Марланга тауы» деп атаған
болатын.



Бұл атау кейіннен езінің бастапқы атауы «Малиндиг тауы»
деп өзгертілді.



Малиндиг жанартау ормандары Мариндюктің оңтүстік
шетінде орналасқан.



Малиндиг тауында күкірт пен Буэна-Вистадағы Малбог ыстық бұлақтарының болуына байланысты тау белсенді жанартау болып саналады.



Ол бұрын-соңды атқыламаған. Осыған қарамастан ол белсенді жанартау болып табылады.



Малиндиг тауы солтүстікте 13,2694 0 және 121,9922 0 шығыс бойлық координаталары бойынша орналасқан.



Малиндиг Тагалог ауданының дәл орталығында орналасқан. Ол жерден Миндороны, Верде аралын және Оңтүстік Лусонды тамашалауға болады.

Малиндиг — аралдағы альпинистер мен саяхатшылар көп келетін ірі тау



Мак-Кинли тауы



Мак-Кинли тауы
Солтүстік
Америкадағы ең
биік тау болып
табылады.



Бұл – бүкіл
әлемдегі
айрықша таң-
ғалдыратын
тау. Ұлы Гима-
лайдағы немесе
Анд тауларындағы
барлық биік шыңдар
Мак-Кинли таулы
тізбегінің бір бөлігі
болып табылады.



Мак-Кинлидің шыңында
температура Фаренгейт
градустары бойынша үнемі
нөлден төмен болып тұрады



Мак-Кинли 49 000 м биіктікте тұр. Ол биіктігі жағынан
Форејкер тауымен теңеседі. Мак-Кинли 20 шақырым
жазықтықта орналасқан. Оңтүстік беткейінің биіктігі 5180 м-ді
құрайды.



Мак-Кинли тауы – биік шыңдардан тұратын, мұз басқан
массивті тізбек. Тау сондай-ақ Аляска таулар тізбегінің бір
бөлігі болып табылады.



Аталған тізбектің үлкендігі соншалық, тіпті мұздықтың негізгі
шыңдарының өзі таудың етегі секілді көрінеді.



Мак-Кинли тауы Антарктидадан кейінгі әлемдегі ең суық тау
болып табылады. Мак-Кинлидің биіктігі мен үлкендігі, аязды
ауа райы оны басқа таулардан ерекшелейді.



Мак-Кинли тауының оңтүстік беткейі қазіргі уақытта Денали деп аталады. Денали «ұлы» деген мағынаны білдіреді. Мұнда қар аралас жел соғып тұрады.



Тау беткейлерін бойлай бес ірі мұздық орналасқан. Олар: Питерс, Малдро, Трейлейк, Рут және Кхилтна мұздықтары.



Сәуір айынан шілденің ортасына дейінгі аралық – Мак-Кинли тауына шығуға ең қолайлы кезең. Ал мұнда келушілердің саны мамыр айының орта тұсынан маусым айының соңына дейінгі аралықта кебейе түседі.



Мак-Кинли тауында биік екі шың бар. Олар: Оңтүстік шың және Солтүстік шың деп аталады. Мұнда Денали Ұлттық саябағы орналасқан.



Ол Денали Ұлттық саябағының орталығы болып табылады.

Мак-Кинли — мұздықтармен қоршалып тұрған тау



Мерапи тауы



Мерапи тауы индонезия тілінде «Гунгунг Мерапи» деп аталады. Ол – Орталық Ява мен Индонезиядағы Джокаякарта-ның шекарасында орналасқан конус пішіндес жанартау.



Мерапи 10000 жыл бойы белсенді болып келеді



Жанартау Джокаякарта қаласына ете жақын орналасқан. Мерапи тауы теңіз деңгейінен 1700 м биіктікте тұр. Жанартау маңында елді мекендер бар.



Мерапи Яваның оңтүстігінде орналасқан жанартаулардың арасындағы ең жасы болып табылады. Ол Үнді-австралиялық платформасының Еуразия плитасының астымен өтетін аймақта орналасқан.



Бұрындары Мерапи тауының айналасында халық тығыз орналасқан болатын. Жанартаудың атқылауынан кеп адам көз жұмып, көптеген мәдениет ошақтары түп-тамырымен жойылған.



Ява аралындағы жанартау – Индонезиядағы ең белсенді жанартаулардың бірі.



Мерапи тауы суыған лавадан, жанартау күлінен тұрады. Тауда атқылаулар кезінде лақтырылған тастар кеп кездеседі.



Мерапи жанартауы әлемдегі ең белсенді және қауіпті жанартаулардың бірі болып табылады. Оның үнемі пирокластикалық ағындар шығарып отыратын белсенді лава күмбезі бар.



Мерапи — белсенді жанартау. Оның 4 жылдық атқылау кезеңі бар. Бұл оның әр төрт жыл сайын атқылап отыратындығын білдіреді.



Жанартау халық ең тығыз орналасқан аймақта тұр. Ғалымдардың пайымдауынша, жанартау жақын арада тағы да атқылауы мүмкін.



Оның атауы «Отты тау» деген мағынаны білдіреді.

Мерапи жанартауы 1548 жылдан бастап 68 рет атқылаған



Пинатубо тауы

1100
қызықты дерек



Пинатубо Лусон күрделі жанартау тізбегінде орналасқан.



Бұл Лусон аралының батыс-орталық бөлігіндегі ең биік шыңдардың бірі болып табылады.



Пинатубо Три Кабусилан тау қыратында орналасқан



Пинатубо – белсенді стратожанартау.



Оның бұрынғы шыңының биіктігі 1745 м-ді құрайды. Бұл жанартау 500 жыл бұрын орын алған ірі эруптивті атқылаулар нәтижесінде пайда болған лава күмбезінің қыры болуы мүмкін.



Пинатубо еңістеу беткейден небәрі 600 м және айналасындағы таулардан 200 м ғана биіктікте орналасқан. Оны сырттай тамашалау қиындық тудырады.



1991 жылдың 15 маусымындағы атқылауға дейін Пинатубо доғал, тік күмбезді болатын.



1991 жылғы атқылау бүкіл әлемге сезілді. Ол 10 миллиард тонна магма, 20 млн тонна SO_2 -ні бөліп шығарды. Нәтижесінде өте көп мөлшердегі минералдар мен металдар жер бетіне шығарылды.



Атқылау кезінде небәрі 9 сағат ішінде жанартаудағы барлық материалдардың 90%-ы жер бетіне шыққан болатын.



Пинатубода күлмен қоса алғанда, 15–30 млн тонна күкірт газын бөліп шығарады.



Пинатубо бұрын андезит және дацит сияқты жанартаулық тау жыныстарынан тұратын.



Пинатубо жанартауының 1992 жылғы атқылауы кезінде көп адам көз жұмған.

Жанартау, шамамен алғанда 500, 3000 және 5500 жыл бұрын атқылаған



Раусу тауы



Раусу тауы
страто-
жанартау
болып та-
былады.



Раусу Жа-
пониядағы
Хоккайдоның
Ширетоко
түбегінде
орналасқан.



*Раусу тауы Шари және
Раусу қалаларының
арасында орналасқан*



Раусу тауы Жапониядағы
белгілі 100 таудың бірі
болып табылады. Таудың Оннебетсу және Ширетоко
деп аталатын негізгі шыңдары бар.



Раусу тауы Ширетоко түбегіндегі ең биік тау болып
табылады.



Хоккайдо аралы – Жапониядағы негізгі төрт аралдың бірі. Ол
көлемі бойынша Хонсюдан кейінгі орынды иеленеді.



Раусу тауы – Хоккайдо аралының солтүстік-шығысында
орналасқан жанартау.



Бұл таудың ашылу фестивалі жыл сайын 3 шілдеде
еткізіледі. Себебі дәл осы уақытта тауға шығу науқаны
басталады.



Раусу тауы өзінің әдемілігімен, жабайы табиғатымен және адам аяғы баспаған жұмбақ жерлерімен танымал. Тау бүкіләлемдік мұра болып табылады.



Раусу тауының биіктігі 506 м-ді құрайды.



Раусу тауының маңында Раусу елді мекені бар. 2010 жылғы санақ бойынша онда 6010 адам болған. Елді мекен 400 шаршы шақырым аумақты алып жатыр.



Раусу тауынан Жапониядағы қоңыр аюды кездестіруге болады.

Раусу стратожанартаулардың бір түрі болып табылады



Рисири тауы

1100
ҚЫЗЫҚТЫ АДРЕС



Рисири тауы
Жапониядағы
Хоккайдо
аралының
жағалауында
орналасқан.



Оны «Рисири
Фудзи» деп
те атайды,
себебі оның
конус пішіндес
түрі Фудзи тауына
ұқсайды.



Рисири тауында қыс мезгілінде 2-3 м-ге дейін қар жауады



Бұл таудың ашылу
фестивалі жыл сайын шілде айының 2-3-і күндері өткізіледі.
Өйткені осы мейрамда тауға шығу науқанын ресми түрде
ашық деп жариялайды.



Тау кейінгі плейстоцен дәуіріндегі 130000-18000 жыл
бұрынғы сілтілі және сілтісіз тау жыныстарынан тұрады.



Рисири тауы – Рисири аралының дәл ортасында орналасқан.
Оның биіктігі – 1721 м. Рисири – сөнген жанартау.



Пон тауы Рисири тауының беткейінде орналасқан шағын
шың болып табылады. Оның шыңына Рисири тауының 3-ші
бекетінен бастап есептегенде 30-40 минутта немесе Хайм
Пондтан есептегенде 60-90 минутта жаяу жетуге болады.



Хайм Понд есімді кісі Рисири тауының етегінде су қоймасын
жасаған екен.



Рисири аралы Хоккай-
доның солтүстік шетінен
20 шақырым қашық-
тықта тұр. Оның
айналу шеңбері 60
шақырымды құрайды.



Рисири тауына
шығу өте күрделі.
Тау шыңына апаратын
екі жол бар, бірі Ошидомари деп аталады. Ол жолмен
көбінесе кәсіби деңгейі орташа альпинистер көтеріледі. Ал
екіншісі Кутсугла деп аталады. Ол кәсіби деңгейі жоғары
альпинистерге арналған.



Рисири аралының
маңы 1965 жылы
Ұлттық саябақ деп
жарияланды.
Мұнда
түрлі жабайы
гүлдер
бар.

*Рисири – Жапониядағы
жүз белгілі таудың бірі*



Тейде тауы

1100
ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК



Тейде тауы –
Ұлттық сая-
бақтың табиғи
демалыс орны.



Саябақта
көп тараған
есімдіктің түрі –
Тейде ақ шілігі.



Аталған жанар-
тауды Біріккен Ұлттар
Ұйымының табиғи
апаттар зардаптарын
азайту комитеті Декадалық
жанартау деп атаған болатын.



Таудың атауы испан тілінде «Ечид» және «Ечейд» деген
атаулардан шықса керек. Ол «тозақ» деген мағынаны
білдіреді екен.



Тейде тауы Ұлттық саябағының аумағы өте кең, ол адам
аяғы баспаған тасты құрылымдарға, дала гүлдері мен емен
ормандарына ұласып, түрлене түседі. Саябақтың аумағы
18900 гектарды құрайды.



Мұнда өсетін өсімдіктің түрі көп. Ағаштар, әдемі гүлдермен
қатар тауды мекендейтін түрлі жәндіктер, құстар мен басқа
да жануарларды кездестіруге болады. Бұл аймақ әлемдегі
ең қызықты табиғи аймақтар қатарына қосылған.



Тейде тауы теңіз деңгейінен
3718 м биіктікте орналасқан



1954 жылы Тейде жанартауы өзінің аумағы мен кіршіксіз табиғатының арқасында «Ұлттық саябақ» деген дәрежеге ие болды.

Тейде тауы 2007 жылы 29 маусымда ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілді.



Теңіз деңгейінен 3718 м, ал Атлант мұхиты түбінен 7500 м биіктікте орналасқан Тейде тауы Испаниядағы ең биік тау болып саналады.




Тейде жанартауы соңғы рет 1909 жылы атқылаған болатын. Ол әлемдегі ең ірі жанартаулар арасында 3-ші орынды иеленген.



Сонымен қатар Тейде Атлант мұхитындағы ең биік тау болып саналады.

Тейде – белсенді жанартау



Террор тауы

1100
ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК



Террор тауы
Антарктидадағы
Росс аралының
шығыс бөлігін
қамтыған
базальт
қалқанды
жанартау
болып
табылады.



Бұл жанартаудың
қалқан жақтарында
кептеген күл конустары мен
күмбездері бар.



*Альпинистер Террор
тауына алғаш рет 1959
жылы көтерілген*



Террор тауының көп бөлігін қар мен мұз басқан.



Бұл қалқанды жанартау болып табылады.



Ол көлемі бойынша Росс аралындағы үш жанартаудың
арасында екінші орынға ие.



Террор тауы одан 30 шақырым қашықтықта орналасқан
Эребус тауымен қатар тұр.



Ол 1841 жылы британ зерттеушісі Джеймс Кларк Росстың
«HMS террор» деп аталатын кемесінің құрметіне осылай
аталған болатын.



Жанартау басындағы жартастар әлі зерттеле қойған жоқ. Ал
оның шығыс беткейіндегі төмен жатқан аймақтар зерттелген.



Деректерге сүйенсек, төмен аймақтағы тау жыныстарының жасы 0,82–1,75 миллион жылдарды құрайды.



Росс аралы жанартаулардан тұрады.



Террор Эребус жанартауынан 30 шақырым қашықтықта тұр. Таудың биіктігі – 3230 м. Террорды 820 000 жыл бұрын пайда болған деген деректер бар.



Террор тауы Антарктидадағы Росс аралының шығыс бөлігін қалыптастырады.



Террор тауының биіктігі 3230 м-ді құрайды



Токати тауы

1100
қызықты дерек



Токати шыңы Дайсетсузан тауларының оңтүстік-батысындағы белсенді стратожанартаулар аймағында орналасқан. Ол – Токати тау тізбегіндегі негізгі шың.



Ол оңтүстік-батыстағы Камикава Субпрефектурасы мен оңтүстік-шығыстағы Токати Субпрефектурасы арасындағы шекараның бір белігін қалыптастырады.

 Токати тауы Жапониядағы атақты 100 таудың қатарына кіреді



Токати тауы – Токати жанартаулар тобындағы ең биік жанартау болып табылады.



Тау Дайсетсузан Ұлттық саябағының аймағында орналасқан.



Токати тауының шыңын жанартау күлі мен күкірт диоксидіні бөліп шығаратын саңылаулар басып жатыр. Алайда жақын арадағы кейбір беткейлерде жасыл желек пен ағаштар өседі. Жаз мезгілінде жабайы гүлдер гүлдейді.



Токати жанартаулар тобы – оңтүстік-батыстан солтүстік-шығыстағы Хоккайдоға дейін созылып жатқан тізбек бойымен орналасқан жанартау шыңдарының тобы.



Токати тауындағы ірі атқылаулар 1857, 1926, 1962 және 1988 жылдары орын алған болатын. Ол соңғы рет 2004 жылы атқылаған.



Токати белсенді жанартау болып табылады. Ол – Дайсетсузан Ұлттық саябағының негізгі нышаны.



Бұл тауға шығу кезеңі маусым айынан қазан айына дейін созылады. Токати тауының биіктігі 2076 м-ді құрайды.



Дайсетсузан Ұлттық саябағында ыстық бұлақтары бар Асахидаке Онсен, Соункио Онсен, Фукиэйдж Онсен және Тинненкио Онсен саяжайлары орналасқан.



Дайсетсузан Ұлттық саябағы биік тау алқабындағы кегалдарымен танымал.

**Жанартау тобындағы ең биік шың
Токатидің атауымен аталады**



Тайри тауы



Тайри тауы – Антарктидадағы келемі бойынша екінші тау.



Тайри Антарктидадағы Винсон массивінің солтүстік-батысында 13 шақырым қашықтықта орналасқан.



Бұл тау 1958 жылы Америка Құрама Штаттары Әуе күштерінің барлауы кезінде белгілі болған.



Тайри тауы
Антарктидада
орналасқан



Тайри контр-адмирал Дэвид М.Тайридің құрметіне аталған. Ол АҚШ-тың Антарктидадағы әскери әуе күштерін 1959 жылдың 14 сәуірінен 1962 жылдың 26 қарашасына дейін басқарды.



Бұл таудағы альпинистік науқан қарашадан қаңтарға дейін созылады.



Тайри тауына алғаш рет 1967 жылы Николай Клинттің командасындағы Барри Корбет және Джон Эванс шыққан болатын.



Тайри тауының биіктігі
4852 м-ді құрайды.



Тайридің оңтүстік бет-
кей жағының биіктігі
2011 м-ді құрайды.
Таудың бұл бөлігінің
құрылымы күрделі
екен. Сондытан Тайриге
оңтүстік беткей арқылы
әлі ешкім көтерілмепті.




Тайри тауы
шығыс жағынан
тік, қырлы және
тас тіректі ірі
пирамида секілді
көрінеді.



Тайри тауына алғаш рет альпинистер 1958 жылы көтерілген.
Тау Винсон массивінің солтүстік-батысынан 12 шақырым
қашықтықта орналасқан.

Тайри тауының шыңы биік қорған секілді



Моюта тауы

1100
ҚЫЗЫҚТЫ АЕРЕК



Моюта тауы
– стра-
тожанартаудың
бір түрі.



Бұл жанартау
Гватемала-
дағы Хутьяпа
аумағында
Моюта қа-
ласына таяу
орналасқан.



Моюта тауы
Ялтапаганың оңтүстік
шетінде тұр.



*Моюта жанартауының соңғы
рет қашан атқылағаны белгісіз*



Жанартаудың биіктігі 1662 м-ді құрайды.



Моюта жанартауы Гватемаланың оңтүстік белігінде
орналасқан.



Моюта – орман басқан, тік, бір жақты, андезитті лава
күмбездерінің тобынан тұратын тау. Оған алыстан қарағанда
жазық болып көрінеді.



Андезит – бұл әлемдегі көптеген жанартаулық аймақтарда
кездестіруге болатын магмалық тау жыныстарының бір түрі.



Лава күмбездері – бұл уақыт ете келе өсу, коллапс,
кристалдану және эрозия сияқты әртүрлі үрдістерге
ұшырайтын динамикалық құрылым.



Моюта жанартауын кофе өсірілетін алқап пен орман басып жатыр.

Моюта жанартауы
Гватемаладағы
Хутьяпа аумағында
Моюта қаласына,
таяу орналасқан.




Фумаролалар – кратердегі жарықшақтар мен саңылаулар. Олар жанартаудың солтүстік және оңтүстік беткейлерінде тұр. Ал ыстық бұлақтар Азулко маңындағы солтүстік-шығыс базада орналасқан.



Фумаролалар арқылы жанартау газы атмосфераға таралады.



Моюта жанартауын кофе өсірілетін алқап пен орман қоршап тұр



Синай тауы

1100
ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК



Синай тауы Хорив, Мусса, Габал Мусса және Жабал Мусса деген атаулармен де белгілі.



Бұл таудың басында қираған мешіт пен шіркеу қалдықтары бар. Кейінірек ескі ғимараттар орнына Грек православиялық шағын шіркеуі салынған.



Таудың биіктігі
2285 м-ді құрайды



Синай тауы Әулие Екатерина тауының жанында орналасқан. Әулие Екатерина тауы Синай түбегіндегі ең биік тау болып табылады.



Бәдеуилердің дәстүрі бойынша, Синай тауы Құдайдың израильдықтарға берген заңды жері деп есептеледі.



Бәдеуилер негізінен шөлде өмір сүретін араб этникалық топтарына жатады.



Жорамалдар бойынша, дәл осы жерде Моисей он түрлі уағыз алған екен.



Синай тауына баратын екі бағыт бар. Екеуі де Әулие Екатерина шіркеуінен бастау алады.



Ең ұзақ және тар жол Сикет Эль Башаит болып табылады. Тауға жету үшін жаяу жүргіншіге 2,5 сағат уақыт кетеді.



Ол Мысырдағы Синай түбегіндегі орналасқан Әулие Кәтрин қаласында орналасқан.



Анағұрлым тік және жайлы жол «Сикет Саидна Мұса» деп аталады. Ол ежелгі уақытта сиынушылардың жүрген жолы болған. Жол тастан қашалып жасалынған, ұзындығы 3700 м-ді құрайды.



Синай тауының ислам дінінде орны белек. Осы жерден Мұхаммед пайғамбар пырақпен аспанға көтерілген жер деп саналады.

Синай тауы Синай түбегінде орналасқан



Супан тауы

1100



ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК



Супан тауы базальт-ті және риолитті стратожанар-таулардың бір түрі болып табылады.



Жанартау беткейлері радиалды және сақина-лы жарықшақтарды бойлай атқылайтын лава күмбездері мен пирокластикалық конустарға толы. Әсіресе олар солтүстік, оңтүстік және шығыс тараптарда өте көп.



Супан тауы –
сөнген жанартау



Бұл – ұйқыдағы жанартау.



Бүкіл қыс бойы Супан тауында үнемі қар жауады. Оның қалыңдығы 3,57 м-ге дейін жетеді.



Супан тауының биіктігі 4434 м-ді құрайды. Оның басында тұрып Адильджеваздағы селжұқтар қамалын, сонымен қатар массивті Ван көлін тамашалауға болады.



Ван көлі – Түркиядағы ең ірі көл. Ол езінің су қорын жақын маңдағы таулардан келетін ағындар арқылы толықтырып отырады. Көлдің суы тұзды болып келеді.



Таудың тік беткейлерінен шаңғымен сырғанауға болады.



Мұнда келушілерді тауға тікұшақтармен тасиды.




Бұл – биіктігі бойынша Арараттан кейін екінші орынды алатын Түркиядағы тау.



Супан тауы Ван көлінің жанында, Түркияның шығысында орналасқан.



Супанның оңтүстік және шығыс беткейлеріне шығу оңай. Сол себепті альпинистер осы беткейлер арқылы тауға шығады. Екі беткейден де таудың керемет көріністерін тамашалауға болады.



Супан жанартауының шыңында қар басқан кратер бар. Сыртқы көрінісі бойынша оның көлемі үлкен.



Супан соңғы рет б.з.д. 8050 жылы атқылаған болатын



Усу тауы

1100
ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК



2000 жылдың наурыз айында Усу тауы 22 жылдан кейін алғаш рет атқылады. Атқылау нәтижесінде 13 мың адам жедел түрде қоныс аударуға мәжбүр болды.



Усу жанартауы – белсенді жанартау



Жанартаудың атқылауы жер сілкінісінен кейін екі күн өткен соң басталды. Усу жанартауы атқылау барысында құрылысын өзгерткен.



Усу шыңында О-Усу, Ко-Усу және Шова-Шинзан сияқты лава күмбездері бар.



1663 жылы Хоккайдодағы Усу жанартауында ауқымды атқылау орын алған.



Усу тауы белсенді стратожанартау болып табылады.



Ол Жапониядағы Хоккайдода орналасқан Сикотцу-Тоя Ұлттық саябағында тұр.



2008 жылы дәл Тоя көліндегі Усу тауының жанындағы G8 шыңына альпинистер көтерілді.



Жапонияның Хоккай-
до аралы Усу жанар-
тауының атқылай беруіне
байланысты үнемі
жанартаулық қауіп-
қатерде қалған.



Бұл жанартау өткен
100 жыл аясында төрт
рет атқылаған екен.



Усу тауының оңтүстік шетінде шағын кальдералар пайда
болған.



Хоккайдо аралындағы кернекті орындар Сикотцу-Тоя
Ұлттық саябағындағы Усу тауында орналасқан.



Бұл жанартау
өткен 100 жыл
аясында төрт
рет атқылаған

Усу жанартауы





Банахо тауы



Банахо тауы
Филиппинде
Лагунадағы
Маджейджей
мен Лузан-
дағы Квезон
арасында
орналасқан.



Ол жергілікті
халық үшін
мінажат ету
орны болып
табылады. Банахо
«ұлы тау» деген
атаумен де белгілі.



*Қасиетті аптада тауға
шығушылардың саны
арта түседі*



Банахо альпинистер арасында ете танымал.



Банахоның үш шыңы халық тығыз орналасқан аймақта,
яғни Лагуна және Кусон провинцияларының жанында бой
кетерген.



Ол Банахо Люкбан тауына жақын орналасқан.




Қасиетті апта кезінде Банахо тауларына саяхатшылар мен
діндарлар, сиынушылар кеп келеді.



Бұл тауға шығуға 2-3 күн кетеді. Шыңға көтерілу барысында
кептеген үңгірлер мен сарқырамаларды кездестіруге болады.



Батыс беткейдегі Сан Кристоаль тауы, сол-түстік-шығыс беткейдегі Банахо Люкбан тауы, оңтүстік-батыс беткейдегі Бухо Масалакот күмбездері және Маябобо таулары Банахоның көрші жанартаулары болып табылады.



Банахо тауы өзінің әсем табиғатымен ғана емес, сонымен қатар мәдени және діни маңыздылығымен де ерекшеленеді.



Банахо тауының оңтүстік шеті құлаған.



«Банахо» термині – Филиппиндегі жергілікті тагал халқының заманауи сөзі. Бұл сөз «киелі болуы мүмкін» деген мағынаны білдіреді.



Банахо теңіз деңгейінен 2158 м биіктікте орналасқан.

Банахо тауы кратерінің тереңдігі 210 м-ді құрайды



Тарума тауы

1100
ҚЫЗЫҚТЫ АДРЕС



Тарума тауы
Томакомай және
Читоуз қала-
ларына таяу
орналасқан.
Оны аталған
қалалардан
анық көруге
болады.



Тау Жапо-
ниядағы батыс
Хоккайдодағы Шикотсу
келінің жағалауында
орналасқан.



*Тарума тауының етегінде
көптеген ыстық бұлақтар,
демалыс орындары мен гольф
алаңдары бар*



Мәліметтерге сүйенсек, 1667 және 1739 жылғы болған ат-
қылаулар кезіндегі пирокластикалық материалдар қорша-
ған орманды түгелдей өртеп жіберген. Сол кезде тау етегінің
шығыс бөлігі күндіз де қараңғы болып тұрған екен.



Бұл тау саяхатшылар арасында кең танылған. Себебі оған
шығу оңай.



Тарума Хоккайдо аралының табиғи ескерткіші болып
саналатын лава күмбезі бар, Насу жанартаулы аймағына
жатады.



Тау шыңында тұрып төменде жатқан Шикотсу келін,
қашықтағы Хидака тау тізбектерін және Хоккайдо аралының
басқа да тамаша көріністерін тамашалауға болады.



Тарума тауының биіктігі 1041 м-ді құрайды.



Онда жанартаулық белсенділік 9000 жыл бұрын басталған болатын.




Тарума соңғы рет 1982 жылы атқылаған. Ол фреатикалық сипатта болатын.



Фреатикалық атқылау магманың топырақпен немесе сумен түйісуі нәтижесінде орын алады.



Тауда ірі атқылаулар 1667, 1739, 1909 жылдары болған. 1667 және 1739 жылғы болған атқылаулар таудың қазіргі түрін қалыптастырған.



Тарума тауы белсенді андезитті стратожанартау болып саналады.



Тарума белсенді жанартау болған



Везувий тауы



Везувий
жанартауы
б.з.д. 79
жылдан
бері 50 рет
атқылаған.



Везувий
тауы әлемдегі
ең қауіпті жанар-
таулардың бірі болып
табылады. Жанартаудың
атқылау циклі
20 жылды құрайды, ал оның соңғы рет
атқылауы 1944 жылы тіркелген.



*Везувий тауы — Еуропа
құрлығындағы жалғыз
белсенді жанартау*



Везувий — тік кальдералармен қоршалған, үлкен конус тө-
різді, алып дөңесті тау.



Бұл тау б.з.д. 79 жылғы атқылаудан кейін атақты бола бас-
тады. Осы атқылау барысында ежелгі Римдегі Помпей және
Геркуланум қалалары қираған болатын.



Аталған тау Африка мен Еуразия тектоникалық плитала-
рының езара қақтығыстарының нәтижесінде пайда болды.



Везувий тауы Италиядағы Неопольдан шығысқа қарай 10
шақырым қашықтықтағы Неаполитан шығанағында орналасқан.



Бұл тауды гректер мен римдіктер батыр Геркулестің атымен
байланыстырады әрі құрметтейді. Тау жанында салынған
Геркуланум қаласы да осыған байланысты болса керек.



Везувий тауындағы атқылаулар бір-бірінен ерекшеленеді. Олар түрлі жарылулармен сипатталады. Егер жанартау қатарынан бірнеше рет атқыласа, бүкіл Оңтүстік Еуропаны күл басып қалады деген болжамдар бар.



Везувийдің айналасы 1995 жылы 5 маусымда Ұлттық саябақ болып жарияланды.



Қазіргі уақытта Везувийдің маңында екі миллион адам өмір сүреді.

Везувий – белсенді жанартау



Муландже массиві

1100
ҚЫЗЫҚТЫ АДРЕС



Муландже массиві
Муландже тауы деген атпен де белгілі.



Бұл қоршап тұрған Чирадзулу жазықтары мен Муландже күріш алқаптарында орналасқан. Ол Балантаер қаласына таяу тұрған Маливидің оңтүстік бөлігіндегі ірі таулы тізбек болып табылады.



Муландже – оңтүстік-орталық Африкадағы ең биік тау



Муландже саяхатшылар мен альпинистерге кеңінен танымал.



Ол 130 миллион жыл бұрын жер қыртысындағы магманың экструзиясы²⁰ нәтижесінде пайда болды.



Муландже массиві 13х16 шаршы шақырым аумақты алып жатыр.



Биіктігі 3002 м-ді құрайтын Сапитва шыңы Муландже массивінің ең биік нүктесі болып саналады.



Сапитва шыңына альпинистер алғаш рет 1894 жылы кетерілген.





1927 жылы Муландже таулары қоғамдық жер деп жарияланып, қорық деп танылды.



Бұл тау сейниттен, кварт-сейнит пен гранит жартастарынан тұрады.



Тау халық тығыз қоныстанған, теңіз деңгейінен 600–700 м биіктіктегі жазықтар ортасында орналасқан. Тау жазықтардан оның максималды биіктігіне 300 м қосатын жартастар мен 1800–1900 м биіктіктегі бассейндерге дейін көтерілген.



Муландже массиві 750 шақырымды алып жатқан әлемдегі ең ірі инзельбергтердің²¹ бірі.



Муландженің жан-жағында бірнеше таулар бар





Нанда-Деві таулары



Нанда-Деві шыңын

Ұлттық саябақ

қоршап тұр.

Нанда-Деві

Ұлттық саябағы

солтүстік

Үндістан-

дағы Ут-

таркханд

штатында орна-

ласқан. Шыңның

биіктігі – 7817 м.

Нанда-Деві үнді тілі-

нен аударғанда «Баталы әйел

Құдай» деген мағынаны білдіреді.

Ол Үндістанда биіктігі бойынша

екінші орынды иеленеді.



*Нанда-Деві –
әлемдегі ең биік
23-ші шың*



Бұл – қасиетті Гарвал аймағында орналасқан екі жақты алып ақ пирамида.



Нанда - Деві таулары батыста Ришиганга шығыста Гориганга далаларының арасындағы Утаркханд штатында орналасқан.



Нанда-Деві өзара біріге отырып ұзындығы 2 шақырым, шығыстан батысқа қарай бағытталған үшкір шыңды екі массивтен тұрады.



Нанда-Девидің батыс шыңы биіктеу. Ол «Нанда-Деві шығыс» деп аталады.



Нанда-Деві Шығыс Чамоли, Питорагар мен Вагешвар аймақтарының шекарасында орналасқан.



Нанда-Деві Ұлттық саябағы 1988 жылы ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізілді.



Бұл тау биіктігі 6400 м болатын шыңдардың қоршауында орналасқан. Сол себепті оған жету қиындай түседі.



Нанда-Деві Ұлттық саябағынан жануарлар мен өсімдіктер әлемін тамашалауға болады.



Нанда-Деві шығыс шыңына алғаш рет Адам Карпинский басқарған төрт адамнан құралған поляк командасы шыққан болатын.

Нанда-Деві Үндістандағы Уттаркханд штатында орналасқан



Нангапарбат

1100



ҚЫЗЫҚТЫ АСРЕК



Нангапарбат әлемдегі ең биік тоғызыншы тау.



Оның қар басқан беткейлерін батыс жақта орналасқан құрғақ Инда жазығынан тамашалап, керемет әсер алуға болады.



Нангапарбат Пәкістанның солтүстік аймақтары мен Гималай тауларының батыс жағында орналасқан.



Нангапарбаттың үш беткейі бар



Нангапарбат атауы «Жалаңаш тау» деген мағынаны білдіреді.



Бұл таудың негізгі бөлігі оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа созылып жататын ұзын жота болып табылады. Жота мұз бен тастан құралған ірі белік болып табылады.



Нангапарбатқа алғаш рет 1953 жылы 3 шілдеде герман-австриялық команда мүшесі, австриялық альпинист Герман Буль көтерілген болатын.



1984 жылы Нангапарбатқа француз альпинисті Лилиян Баррард өзінің жұбайы Морис Баррардпен бірге шықты. Морис Баррард аталған тауға алғаш көтерілген әйел ретінде тарихта қалды.



Нангапарбаттың негізгі шыңының биіктігі 8126 м-ді құрайды.



Нангапарбат тауы жергілікті тұрғындар үшін қайғы мен сәтсіздіктің белгісіндей еді. Себебі 1895 жылдан бастап аталған тауға шығу кезінде талай альпинист қаза тауыпты. Тек 1953 жылы ғана альпинистер Нангапарбатқа сәтті көтерілген екен.



Нангапарбат «кісі өлтіруші» деген атпен де белгілі. Себебі ол өлім қаупі жоғары таулар қатарына кіреді.

Нангапарбат көлемі бойынша Пәкістандағы К-2 шыңынан кейін екінші орында



Наркондам



Наркондам – жанартаулық сипаттағы арал. Ол Андаман теңізінде орналасқан.



Бұл жанартау аралының орталық шыңы теңіз деңгейінен 710 м биіктікте орналасқан.



Наркондам — шағын арал



Наркондамның негізгі шыңы батыста 114 шақырым қашықтықта орналасқан.



Бұл жанартау соңғы уақыттарда ғана белсенді болған. Аралда бірнеше белгісіз жанартаулар бар.



2005 жылы 8 маусымда жанартаудан «балшық пен түтін шығып жатыр» деген хабарламалар болды.



Аралдың атауы «тозақ шұңқыры» дегенді білдіреді. Алайда бұл атау көне заманда белсенді болған Баррен Айлэнд жанартау атауынан шыққан деген болжамдар бар.



Баррен Айлэнд соңғы рет 1803 жылы атқылаған болатын. Бұл жанартаудан шағын күкіртті ағымдар және лаваның соңғы рет теңізге төгілген жерінен ыстық бұлақ көздерін кездестіруге болады.



Баррен Айлэнд пен Наркондам суда тіршілік ететін жануарларға бай. Мұнда түрлі балықтар, акулалар, т.б. су жануарларын кездестіруге болады. Сонымен қатар осы маңда меп-мөлдір бұлақтар бар.



Наркондам аралы Андаман және Никобар аралдарының орталығы болып табылады. Ол Блэр портынан 160 шақырым қашықтықта орналасқан.



Наркондамда мүйізтұмсықты құс тіршілік етеді. Ол жойылып бара жатқан құстардың қатарына кіреді.

Наркондам – ұйқыдағы жанартау



Пакайя жанартауы

1100
ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК



Пакайя Гватемаладағы күрделі құрылысты жанартаулардың бірі болып табылады.



Ол алғаш рет 23000 жыл бұрын атқылаған болатын. Гватемаладағы испан басқыншылығынан бастап кемінде 23 рет атқылаған.



Пакайя жанартауы Гватемала қаласының оңтүстігінде 25-30 шақырым қашықтықта орналасқан.




Пакайяға Антигуа Гватемала немесе Гватемала қаласының өзінен-ақ оңай жетуге болады.



Пакайя жанартауы Тынық мұхиты жағалауын бойлай орналасқан жанартаулар тізбегіне жетеді. Ол Орталық Америка жанартаулар доғасының бір бөлігі болып табылады.



Оның қазіргі уақыттағы белсенді фазасы 1965 жылы басталған болатын. Сол уақыттан бері жанартау үнемі атқылауда.



Пакайя жанартауының маңы қазіргі уақытта Пакайя Ұлттық саябағы деп аталады




Пакайяның үш шыңы бар, олар: Серро-де-Агуа, Серро-Чино және Пико Маккиней. Жанартау кратері Пико Маккиней шыңында орналасқан.



Пакайя жанартауының биіктігі 2552 м-ді құрайды. Жанартаудың атқылауы кезінде үнемі күл, су буы мен майда тастар сыртқа атқылап шығады.




Аталған жанартаудың жанартаулық белсенділігі шағын газ атқылау мен бу бөлуден бастап, химиялық заттарды аспанға 12 шақырымға дейін лақтыруға жететіндей қуатты атқылаулармен сипатталады.



Пакайя белсенді жанартау болғандықтан, оған саяхатшылар көп келеді.

Пакайя - танымал саяхат орны



Пику

7100



қызықты дерек



Пику стратожанартау болып табылады.



Қыс мезгілінде оның шыңын қар басып жатады. Көптеген жанартау конустары бүкіл Пику үстіртінің бедерінде шашыла орналасқан.



Пику жанартауының биіктігі 7713 м-ді құрайды



Көптеген биік жартастар теңізді жағалай орын алған.



Пику аралы Азор аралдарында орналасқан және ол өзінің Пику тауымен танымал.



Бұл Азор аралдарындағы ең биік тау болып саналады.



Ол сонымен қатар Орталық Атлантика тізбегіндегі ең биік тау деп табылған.



1562–1564 жылдары оңтүстік-шығыс қапталда болған атқылау кезінде лава ағындары теңізге дейін жеткен болатын.



Бұл Атлант теңізіндегі португалиялық архипелаг²² – Азор аралдарындағы кез келген шыңмен салыстырғанда екі есе биік.



Пику табиғаты жұмақ секілді тамаша көрініске ие.



Пикудың қапталдарында радиалды жарықшақтарды бойлай орналасқан лава және шашыратушы конустар бар.



Пикудың тарихи атқылаулары шыңдағы кратерден емес, оның қапталдарындағы саңылауларында орын алған болатын.



Пику теңіз деңгейінен 7713 м биіктікте орналасқан.

Пику соңғы рет 1720 жылы атқылады



Пиц Бернина



Пиц Бернина Шығыс Альпідегі ең биік тау болып табылады.



Ол шығыс Швейцария мен солтүстік Италияда орналасқан Альпі тау тізбектеріндегі Бернина тізбегіндегі ең биік нүкте болып саналады.



Пиц Бернина –
тамаша мұзды тау



Бұл – Альпідегі төртмыңдықтардың бірі.



Пиц Бернина – Альпідегі ең атақты бес шыңның бірі.



Бұл тау Швейцария Альпісіндегі ең атақты саяжайлардың бірі Санкт-Морицқа таяу орналасқан.



Пиц Бернина ірі екі мұздықты: батыстағы Чиевара мен шығыстағы Мортерачты қақ жарып тұр.



Пиц Бернинаға алғаш рет 1850 жылы 28 жастағы топограф Иохан Коац пен оның көмекшісі батыс қыры арқылы шыққан болатын.



Бұл шың Швейцарияның
Граубюнден кантонындағы
Альпі тауында
орналасқан.



Тау тізбектеріндегі
ең биік асу – Бернина
асуы деп аталады.



1850 жылы Иохан Коац
асуды осылай атаған
болатын.



Пиц Бернина
Швейцарияның
Граубюнден
кантонындағы ең
биік шың болып
саналады.

*Пиц Бернина диорит және габбро деп
аталатын тау жыныстарынан тұрады*



Попокатепетль

1100
ҚЫЗЫҚТЫ АДРЕС



Попокатепетль
белсенді
жанартау
болып
табылады.



Ол биіктігі
бойынша
Мексикада
екінші орынды
иеленеді. Бұл
тау Пико-де-Ори-
сабаның артында ор-
наласқан.



*Попокатепетль – Солтүстік
жартышардағы белсенді, үшінші
биік жанартау*



Тауды орман қоршап тұр.
Попокатепетльдің ірі кратері бар.



Попокатепетль Мехиконың оңтүстік-шығысында 70 шақырым
қашықтықта орналасқан.



Тауға 1519 жылы Диего де Ордас басшылық еткен испандық
экспедиция көтерілген болатын.



Оған алғаш рет 1289 жылы Текуанипас тайпасындағылар
шыққан екен.



Бұл тауда алғаш рет 1519 жылы испандықтардың келуінен
бастап 20-дан аса ірі атқылаулар орын алған.



Попокатепетль – Мексикадағы ең белсенді жанартаулардың
бірі.



Попокатепетль атауы ацтектер тілінде «шылым шегуші тау» дегенді білдіреді.




Аталған тау Мексикада бой көтерген. Ол – Солтүстік Америкадағы ең биік екінші жанартау.



Бұл мұздық басқан стратожанартаудың тік қабырғалары, 250–450 м-лік терең кратері бар.



Попокатепетль Мексикада ең биік үш шыңның бірі болып табылады, ал қалған екеуі Изтассиуатл және Пико де Орисаба деп аталады.



Попокатепетль Мексика мен сол маңдағы қалалар үшін қауіпті жанартау болып табылады.



Попокатепетль — ірі, мұздық басқан, андезитті жанартау



Пунчак-Джая

1100
қызықты дерек



Пунчак-Джая тауын кейде Карстенз немесе Карстенс пирамида-сы деп те атайды.



Бұл тау Индонезиядағы Папуа таулы провинциясының орталық батысындағы Судирман тау тізбектерінде орналасқан. Оның биіктігі 4884 м-ді құрайды.



Пунчак-Джая – әлемдегі басты шыңдардың бірі



Пунчак-Джая Жаңа Гвинея аралының батыс бөлігіндегі Папуа провинциясында орналасқан. Ол Индонезиядағы ең биік тау болып саналады.



Жаңа Гвинея тропикалық аралында 5000 м-ден астам биіктікте бой көтерген. Пунчак-Джая – Анд таулары мен Гималай тауларының арасындағы ең биік шың.



Бұл шың Индонезияда көбіне Пунчак-Джая, ал альпинистер арасында Карстенз пирамидасы деген атпен белгілі.



Ол аралдың оңтүстік жағалауынан небәрі 76 шақырым қашықтықта, Ириан Джая даласы мен Судирман тауларында орналасқан. Бұл тізбектің кеп бөлігі ірі жартастармен қоршалған шағын террасалармен сипатталады.



Джаяның солтүстік беткейі алып мұздықты қоршап тұратын 10000-нан астам жартастан тұрады.



Пунчак «шың немесе тау» және Джая «жеңіс немесе жарқын» деген мағынаны білдіреді.



1623 жылы голланд зерттеушісі Ян Карстенз аталған тау басындағы мұздықтарды байқаған болатын. Сол уақыттан бастап ол «Карстенз пирамидасы» деген атқа ие болды.



Пунчак-Джая тауына алғаш рет 1962 жылы австриялық альпинист Генрих Харрер басшылық еткен топ шыққан болатын.

Пунчак-Джая Индонезиядағы ең биік тау болып саналады



Ракапоши



*Ракапоши әлемдегі ең
көрікті таулардың
қатарына кіреді*



Ракапоши – бұл
Пәкістандағы
Қарақорым
биік тау тіз-
бегі.



Ракапоши
– әлемдегі
ең биік 27-ші
тау.



Бұл тау К-2 шыңын-
дағы Хунзы алқабында
тұр. Оның мұз басқан
тік шыңдары жартастар
ортасында бой көтерген.



Ракапоши өзінің тамаша табиғатымен танымал.



Ракопошидің климаты Гималаймен салыстырғанда анағұр
лым жайлы.



Екі аттас Ракапоши мен Харамош шыңдары өте төмен
алқаптарда бой көтергендіктен, олар әлемдегі ең күрделі
шыңдар қатарына кіреді.



Ракапоши тізбектің батыс бөлігін қалыптастыра отырып,
Хунза езенінің тіке бұрылысында бой көтерген.



Нагар халқы Ракапоши таулар тізбегін қоғамдық саябақ деп
жариялады.



Ракапоши таулар тізбегі жоғалуға айналған Марко Поло қойы, қасқыр, қоңыр аю және басқа да жануарлардың мекеніне айналған.



Ракапоши Пәкістандағы Жилджит қаласының солтүстігінде шамамен алғанда 100 шақырым қашықтықта орналасқан Нагар алқабында бой көтерген.



Ракапошидің атауы жергілікті тілде «жарқыраған дуалдар» деген мағына береді. Ол Ракапоши «Пик» деген атпен де белгілі.

Ракапошиді Думани деп те атайды





Рон таулары



Рон таулары орта-лық Германиядағы биік емес таулар тобы болып табылады.



Аталған таулар Гессен, Бавария және Тюринги штаттарында орналасқан.



Рон таулары өсімдіктер әлеміне бай



Бұл таулар ежелгі жанартаулық белсенділіктің нәтижесінде пайда болған. Ол Фогельсберг тауларынан Фульда езені арқылы бөлініп жатыр.



Вассеркупе – Германиядағы Рон тауларының ең биік шыңы.



Рон тауларын оның тамаша табиғатының арқасында 1991 жылы ЮНЕСКО биосфералық қорық деп жариялады.



Рон тауы Германияның дәл ортасында орналасқан. Аталған тау жаяу серуен мен жорық жасауға таптырмас орын болып табылады.




Рон тауларында танымал шыңдар бар. Олар: Вассеркупе, Кройцберг, Швабенхиммель, Хейдельштайн, Химмельдунк және т.б.



Кептеген өзендер Рон таулары арқылы ағып өтеді.

Олардың кейбіреулері: Франкон Заале, Стреу, Бренд, Келлерсба, Тульба, Скондра, Синн, Фульдра және т.б.



Рон тауларында серуендеу мен жаяу жорыққа шығу жолдары бар. Олар Рон жаяу серуендеу клубының меншігінде.



Аталған тауда өлік, түлкі, борсық, қоян, жабайы қабан, қарақас, су жертесері мен Миллер жер есері кездеседі.



Мұнда құр, саңырау құр, қара құтан, үкі, шәукілдек, және қисық мойын сияқты құстар мекендейді.



Рон таулары саяхатшыларға кеңінен танымал





Санто-Томас жанартауы



Санто-Томас
Гватемаланың
оңтүстік
бөлігінде,
Санта-Мария
жанартауына
таяу орна-
ласқан.



Санто-Томас
Пекул Вулкан
деген атпен
белгілі.



Бұл – ірі, сенген
жанартау.



Санто-Томас жанартауы бірнеше дацитті-риолиттік лава
күмбездері бар Зуниль жанартауының солтүстік-батыс
қапталында, кальдераның солтүстік жағында орналасқан.
Зуниль жанартауының ені – 4 шақырым, тереңдігі – 6
шақырым.



Санто-Томас пен Зуниль жанартауын солтүстік-шығысқа
қарай қосып жататын жота 4,5 шақырымға созылып жатыр.
Оның биіктігі – 3542 м. Бұл жанартау Санто-Томастың
ең биік шыңы болып табылады. Ол «Зуниль кешені» деп
аталады.



Санто-Томас – кептеген жанартаулық саңылаулары мен
жарықшақтары бар стратожанартау.



*Санто-Томас жанартауы
Гватемаланың 37 жанартау
шыңдарының құрамына кіреді*



1641 жылы 4 қаңтарда Санто-Томастың атқылағаны және «орын ауыстырғаны» туралы ақпарат болған.



Жанартауда су атқылаған сайын жер сілкінісі қоса жүрді деп жазылған.



Бу бөлетін сольфатарлар мен термалдық бұлақтар Санто-Томас пен Зунилдің арасында, тізбектің батыс бөлігінде орналасқан.



Бұл жанартаудың шыңы ширекті андезиттік тефрамен күмбезделген.



Санто-Томас өзінің геотермалдық белсенділігіне байланысты әлемнің белсенді жанартаулар тізіміне енгізілген.

Санто-Томасқа оның кез келген қырынан шығуға болады



Сараграр



Сараграр шыңы
Гиндукуш тау
тізбектеріндегі
Терич Мир,
Ношак және
Истор-о-Нал
шыңдарынан
кейін төртін-
ші орынды
иеленеді.



Гиндукуш тау
тізбегі солтүстік-
батыс Пәкістан мен
шығыс және орталық Ау-
ғанстанның арасында 762 шақырымға
созылып жатыр.



*Сараграр Пәкістандағы
Гиндукуштың бір бөлігі
болып табылады*



Оның биіктігі 7349 м-ді құрайды.



Бүкіл Сараграр ірі массив болып табылады. Ол – 7349 м
биіктіктегі біртұтас созылып жатқан үстірт.



Аталған таудың негізгі шыңдары: Бас Сараграр, Орталық
Сараграр, солтүстік-батыс Сараграр шыңы, оңтүстік-батыс
Сараграр шыңы, оңтүстік Сараграр шыңы және оңтүстік-
шығыс Сараграр.



1958 жылы Тед Норриш басқарған британдық экспедиция
Басты шыңға шығуға талпыныс жасады. Алайда бұл жорық
команда мүшесі П.С.Нельсонның қазасымен аяқталды.



Оның Солтүстік және Басты шыңына 1959 жылы Фоско



Марейни басқарған итальяндық экспедиция шыққан болатын.



Сарагрардың дөңестігі 1979 м-ді құрайды.



1967 жылы 24 тамызда жапондық экспедиция мүшелері Сато Юкитоши мен Хара Хироада таудың оңтүстік шыңына Роше-Голе мұздығы арқылы алғаш рет шыққан болатын.



1971 жылы 29 шілдеде жапон экспедициясының мүшесі Нагано таудың оңтүстік-батыс шыңына көтерілді.



Фоско басқарған топ Сараграр массивіне көтерілу кезінде таудың солтүстік-шығысындағы Нироги мұздығы арқылы өткен болатын.

Сараграр әлемдегі ең биік шыңдардың арасында 78-ші орынды иеленеді





Шиша әлемдегі
ең биік
таулардың
арасында
14-ші
орынды
иеленеді.
Ал сегіз-
мыңдықтар-
дың арасын-
да Шиша ең
соңғы орында.



Ол Непал шекарасынан
бірнеше шақырым
қашықтықта, оңтүстік-орталық
Тибетте орналасқан.



*Шиша шыңының
биіктігі – 8027 м*



Аталған тау Лангтанг биік шыңдарының маңында, Тибетте
орналасқан.



Аталған тау толығымен Тибетте орналасқан. Ол сол ай-
мақтағы биіктігі 8000 м болатын жалғыз шың болып
табылады.



Бұл – оңтүстік беткейі ұзын, тік әрі жартасты болып келген
массивті шың.



Шिशаны көптеген альпинистер биіктігі 8000 м шыңдар
арасындағы көтерілуге ең оңайы деп бағалаған.



Шыңның Госайтан деген үнді-непалдық атауы «киелі орын» дегенді білдіреді.



Оған 1964 жылы 2 мамырда Сюй Цзин басқарған қытай экспедициясы алғаш рет шыққан болатын.




1999 жылы 5 қазанда Американың ең әйгілі альпинистерінің бірі – Алекс Лоу Шишада қар көшкіні кезінде қаза тапты. Сонымен қатар тауға шығу барысын деректі фильм үшін камераға түсіріп жүрген оператор Дэвид Бриджес те осы қар көшкіні кезінде жан тапсырды.



Шишаны Тибетте «жайылымдар құдайы» деп атайды.

Шишаның дөңестігі 2897 м-ді құрайды



Шовашинзан

1100
ҚЫЗЫҚТЫ АДРЕС



Шовашинзан – лава күмбезді жанартау. Ол Жапониядағы ең жас тау болып саналады.



Шовашинзан Усу тауының маңында, Жапонияның Хоккайдо аралындағы Шикотсу-Тоя Ұлттық саябағында орналасқан.



Шовашинзан алғаш рет 1943 жылы атқылаған



Жанартаудың алғаш атқылауы кезінде жер сілкіністері болған. Сосын жап-жазық күріш алқаптары кенеттен көтеріле бастапты. Лава жер қыртысын жарып, сыртқы ақтарыла төгілді. Осының нәтижесінде Шовашинзан тауы пайда болыпты.



Жанартау алғаш рет 4 ай бойы үздіксіз атқылаған екен. Осы кезде аралда үнемі жер сілкіністері болып тұрған.



Шовашинзан атауының тікелей мағынасы «Шова жаңа тау» дегенді білдіреді. Себебі жанартаудың алғаш атқылауы кезінде сол маңда Сева атты император билік құрған екен. Кейінірек таудың аты императордың есімімен байланыстырылып аталып кетіпті.



Тау алғаш рет пайда болған сәтте жапондықтар мұны сәтсіз әскери сынақ деп үрейленді. Оның пайда болуы құпия түрде сақталған.




Тау шыңының қалыптасуы жайлы ақпараттың көп бөлігін жергілікті пошташы Масао Миматсу ұсынған.




Шовашинзаннің биіктігі қазіргі уақытта 398 м-ді құрайды. Таудан үнемі бу шығып тұрады.



Шовашинзан күріш алқабының дәл ортасында қалыптасқан.



Шовашинзан тауының дөңестігі 211 м-ді құрайды



Соккоро аралы



Соккоро аралы
Ревилладжигедо
аралдарының
бір бөлігі бо-
лып табылады.



Ол Манса-
нильоның
батысында 716
шақырым және
Теменгі Калифор-
ния шетінің оңтүсті-
гінде 480 шақырым қа-
шықтықта орналасқан.



*Соккоро аралындағы ең
биік тау – Еврман тауы*



Соккоро аумағы 132 шақырымды құрайды.



Соккоро аралындағы тау басында пост-кальдера тефрасы
күмбездері бар. Аралдағы тау ірі қалқанды жанартау болып
табылады.



Бұл жанартау аралы 1848 жылдан бастап, 1993 жылға
дейінгі аралықта 5 рет атқылаған.



Арал өзін қоршап тұрған мұхиттан 4000 м биіктікте
орналасқан. Онда әртүрлі жанартаулар бар.



Жанартауда терең сызаттар, шағын кратерлер мен жыралар
кездеседі. Әрі оның бедерін лава күмбездері, лава ағындары
мен жарылыс қалдықтары басып жатыр.



Соккоро аралын испан зерттеушісі Эрнандо де Грижавала
1533 жылы Рождество қарсаңында тапқан болатын.



1608 жылы оны зерттеуші Мартин Янез де Армида аралға Исла Сокоро деген ат берді. Ол «Кемек аралы» деген мағынаны білдіреді.



Қазірде Сокоро аралы сол маңдағы халықтар арасында ете танымал.




Сокоро аралында 1957 жылы құрылған әскери әуе базасы бар.



Сокоро бірқатар құстардың тіршілігіне жайлы мекен болып табылады.



Аралдағы жанартаудың биіктігі 1150 м-ді құрайды



Таал жанартауы

1100
ҚЫЗЫҚТЫ АСРЕК



Таал жанартауы Филиппин астанасы Манила қаласының оңтүстігінде, Лусон аралында орналасқан.



Ол 15 декада жанартауларының бірі болып табылады.



1572 жылдан бері Таал 33 рет атқылаған



Аралдың дәл ортасында күкіртті көлі бар кратер орналасқан.



Таал күрделі жанартау түріне жатады.



Жанартау бірнеше рет қатты атқылаған болатын. Осы атқылаулар нәтижесінде кел маңайындағы елді мекендердегі адамдар қаза тапқан. Бұл жанартау – Еуразия плитасының Филиппин қозғалмалы белдеуінің астына қарай орналасқан.



Таал жанартауы Лусон аралдарының батыс бөлігін бойлай орналасқан жанартаулар тізбегінің бір белігі болып табылады.



Филиппиндегі Таал жанартауы әлемдегі ең кішкентай белсенді жанартау деген атаққа ие болды.



1572 жылдан бері Таал 33 рет атқылаған.



Көптеген зерттеушілер жанартауда кратер немесе жанартау аузы болды деп сендіреді. Осылайша, ол «жанартау ішіндегі жанартау» деген атқа ие болды.

Таал жанартауы Маниланың оңтүстігінде 70 шақырым қашықтықта, Таал көлінің маңында орналасқан.



Таал жанартауы соңғы рет 1977 жылы атқылаған болатын. Оның ең алапат атқылауы 1965 жылы орын алды.




Таал көлі 500 000 және 100 000 жыл бұрын төрт мәрте атқылаудан пайда болған 25-30 шақырым кальдераның ішінде орналасқан.



Таал жанартауының биіктігі 400 м-ді құрайды



Тривор тауы



 Тривор әлемдегі ең биік 39-шы тау болып саналады



Тривор теңіз деңгейінен 7577 м биіктікте орналасқан.



Тривор тауы ПОК-тағы (Пәкістан-Оккупацияланған Кашмир) Гилгит ауданында орналасқан.



Бұл тау Қарақорым тізбегіндегі Хиспар Музтагтың белігі болып табылады.



Таудың географиялық координаталары: 36 ° 17 '15 "С, 75 ° 05'10" Ш.



Тау шыңына алғаш рет 1960 жылы америкалық топ шыққан болатын.



Тривордың оңтүстік беткейі Кунианг мұздығынан Хиспар мұздығына бағытталған еткелдің шығысында орналасқан Битанмалдан басталады.



Тривор биіктігі 7200 м-ді құрайтын Буларунг Сардың батысында және Хиспар Музтагтың шығыс шетіндегі биіктігі 7343 м-ді құрайтын Момил Сардың оңтүстігінде орналасқан.



Тривор тауының дөңестігі 980 м-ді құрайды.



Триворға алғаш көтерілген
Уилфрид Нойс басқарған
британ-америкалық
командасының
құрамында бес
ағылшын және бір
америкалық болған.




Тривор тауына
альпинистер тек екі
рет сәтті көтерілген
болатын.



Уилфрид Нойс 1953
жылы Эверест тауына
ең алғашқы болып шыққан
британ экспедициясының құрамында болған.

Тривор тауы Дистагил Сардан бастау алады



Винсон массиві

1100
қызықты дерек



Винсон массиві
Оңтүстік по-
люстен 1200
шақырым
қашық-
тықта
орналасқан
Антарктида-
дағы биік тау
болып табы-
лады.



Бұл массивті таудың
ұзындығы 20 шақырым және
ені 12 шақырымды құрайды.



*Массив солтүстік-батысқа
қарай еңістеле орналасқан*



Винсон массиві Антарктидадағы ең биік тау болып саналады.



Ол Антарктидадағы ең биік шыңдардың қатарынан орын
алатын Эсуорс тауларындағы Сентинель тізбегінде
орналасқан.



Винсон тауына шығу техникалық жағынан айтарлықтай қиын
емес. Бірақ Антарктиданың қолайсыз климаты Винсонға
шығуға біраз кедергі болады.



Винсон массивіндегі климат, әдетте, поляр мұздарының
жоғарғы қысымды жүйесімен реттеледі. Аталған жүйе
мұндағы климатты тұрақты, суық әрі желсіз етеді.




Винсон массивін 1957 жылы АҚШ Теңіз-әуе күштерінің
ұшағындағылар ашқан болатын. Оған америкалық саяхатшы
Карл Винсонның аты берілген.



Карл Винсон Антарктидадағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын қызу қолдағандардың бірі болатын.




Тауға алғаш рет 1966 жылы Николай Синч пен оның командасы шыққан болатын. Винсон тауына оның шығыс жағынан алғаш рет 2001 жылы қаңтарда сегіз адамнан құралған команда шықты.



Қарашадан қаңтарға дейін созылатын жаз мезгілі кезінде Винсонда 24 сағат бойы күн шығып тұрады.



Винсон таулары теңіз деңгейінен 4892 м биіктікте тұр



Бару жанартауы

1100
ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК



Бару жанартауы
– Коста-Рика
шекарасынан
35 шақырым
қашықтық-
та орналас-
қан батыс
Панамадағы
жанартау.



Бұл тау – өзінің
атауымен аталатын
Ұлттық саябақ ау-
мағында орналасқан
Панамадағы жалғыз
жанартау.



Бару жанартауы ұйқыдағы жанартау болғанымен, кез келген
сәтте атқылауы ықтимал.



Бару жанартауы Ұлттық саябағы таулы аймақтағы
тропикалық ормандарымен көрікті. Мұнда миллион жылдар
бұрын орын алған жарылыс нышандарын да тамашалауға
болады.



Бару жанартауының ірі атқылау жағдайы 500 жыл бұрын
болған екен.



2006 жылы болған жер сілкіністері аталған жанартаудың
болашақта қарқынды күшпен атқылауы мүмкін деген үрей
туындатты.



Бару жанартауы шыңындағы
температура 0°C -тан төмен
болып тұрады



Жанартау айналасында
Чирику және Кальдера
езендерімен суарылатын
алқаптар бар.



Кейбір мәліметтерде
тау шыңына қар
жауғаны туралы
жазылған.



Биіктігі 3474 м-ді құрайтын
Бару жанартауы Панамадағы ең биік тау болып саналады.



Жанартауға шығу кезінде апельсин бақшаларын, жеті жа-
нартау кратерлерінің бірнешеуін кездестіруге болады.
Сондай-ақ онда кетсаль құсы мекендейді.



Бару жанартауынан
шығып, Тынық
мұхиты мен Ка-
риб теңіздерін
тамашалауға
болады.



Бару жанартауы соңғы 1600 жылда төрт рет атқылаған



Алатау



Алатау — Орталық Азия мемлекеттері мен Ресей Федерациясының Сібірдегі тау жоталарының жалпы атауы. Оларға Күнгей Алатауы, Кузнец Алатауы, Талас Алатауы, Қырғыз Алатауы, Жетісу Алатауы, Іле Алатауы, т.б. жатады.



Алатау таулары



Жетісу Алатауы – Қазақстандағы ірі әрі құрылымы жағынан күрделі тау жүйелерінің бірі. Ол солтүстігінде Балқаш-Алакөл ойысы, оңтүстігінде Іле аңғары аралығында, батыстан шығысқа қарай 450 шақырымға созылып жатыр.



Жетісу Алатауының ең биік шыңы – Бесбақан (4464 м).



Жетісу Алатауының жер бедері мен геологиялық құрылысы ете күрделі. Төменгі палеозой қабаттары кристалдық тақтатас, кварцит, гнейс, әктас, мәрмәр жыныстарынан құралған.



Күнгей Алатауы – Тянь-Шаньдағы тау жотасы.



Қырғыз Алатауы - Қырғызстандағы таулы жота. Батыс белігінің солтүстік беткейі Қазақстан жерінде (Жамбыл облысы). Жалпы ұзындығы – 375 шақырым. Жотаның ең биік жері – шығысындағы Батыс Аламедиан шыңы (4875 м).



Талас Алатауы – Тянь-Шаньның батыс сілеміндегі жота. Қазақстан мен Қырғызстан жерінде Орташа биіктігі – 4000 м, ең биік жері – Манас шыңы (4484 м).



Іле Алатауының солтүстік бөктерінде Алматы қаласы, солтүстік беткөйінде Іле Алатауы ұлттық табиғи саябағы орналасқан.



Іле Алатауы – Тянь-Шань тау жүйесінің солтүстігіндегі жота. Қазақстан мен Қырғызстан шекарасында. Ұзындығы – 35 шақырым. Бірқатар шыңдары 4500 – 5000 м биіктікке жетеді (Талғар шыңы, 4973 м).



Күнгей Алатауы граниттерден, төменгі палеозойдың құмтастарынан және әктастардан түзілген. Шатқалдарында Тянь-Шань шыршасы еседі. Жалпы ауданы 237 км² болатын мұздықтары бар.

Биік тау басында және беткейлерінде көп-жылдық омбы қар мен мұздықтар жатыр



Алтай таулары



Алтай тау жүйесі –
Азия құрлығының
орта тұсындағы
таулы өлке.
Ұзындығы
батыстан
шығысқа қарай
2000 шақырымға
созылып жатыр.



Алтай солтүстік-батыстан
оңтүстік-шығысқа қарай Батыс
Сібір ойпатынан Гобь шөліне дейін
жан-жаққа таралған. Оңтүстіктегі табиғи
шекарасы Қара Ертіс өзені мен Зайсан көлі,
ал батыс белігі Сарыарқадан Қалба жотасы арқылы белінеді.



Алтай таула-
рындағы өзен



Алтай таулары 4 мемлекеттің шекараласқан территория-
ларында орналасқан: Қазақстан (Кенді Алтай – Шығыс
Қазақстан облысы), Моңғолия (Моңғол Алтайы – Баян-Өлгей
аймағы, Ховд аймағы, Алтай аймағы, Увс аймағы) Ресей
(Алтай өлкесі, Алтай Республикасы), Қытай (Шыңжаң-Ұйғыр
автономиялы өлкесінің Алтай аймағы).



Алтайдың ең биік және қатты тілімденген жоталары – Қатын,
Оңтүстік және Солтүстік Шуй, Оңтүстік Алтай, Сарымсақты,
Сайлүгім, Чихачев, т.б. Олардың орташа биіктігі 3000 м-ден
асады. Тау жүйесінің ең биік шыңы – Ақтау (Мұзтау) (4056 м).



Алтай тауларының қазақстандық белігі геологиялық тұрғыдан
4 ауданға белінеді: Кенді Алтай, Таулы Алтай, Оңтүстік Алтай
және Қалба жотасы.



Орталық Алтайда қорғасын, мырыш, мыс, темір, алтын, күміс, вольфрам, молибден, қалайы, тантал, ниобий, сынап, т.б. металдық кентастар, тас көмір, құрылыс материалдары мол. Бұлардың ішінде аса маңыздысы – Шығыс Қазақстанның түсті металлургия базасын құрайтын полиметалл кентастары.



Шығыс Қазақстанның әдемі табиғаты мен сирек кездесетін аңдарын, өсімдіктерін қорғау мақсатында 1976 жылы Марқакөл қорығы ұйымдастырылған.



Рахман қайнары – Оңтүстік Алтайдың кішкене тектоникалық ойпатында Арасан шипажайы жағасында теңіз деңгейінен 1750 м биіктікте орналасқан. Айналасын биік тау, орман қоршаған табиғаты ете көрікті жер.

Солтүстік-шығыста Шығыс Алтайдың Шапшалы жотасы Батыс Саянмен жалғасады



Түсініктеме

¹Туарегтер – Марокко, Алжир және Ливия халық өкілдерінен жиналған топ.

²Санскрит – Үнді халқының көне әдеби тілі.

³Кальдералар – тік қабырғалы, түбі тегіс ойыс.

⁴Пирокластикалық материалдар – жанартаудың жарылысы кезінде ыстық күйде шашыраған әртүрлі сынық белшектер.

⁵Магма – жер қойнауындағы температурасы жоғары отты зат.

⁶Андаман аралдары – Үнді мұхитында жатқан аралдар тізбегі.

⁷Плейстоцен – 1 млн жылға созылған көне заман атауы.

⁸ЮНЕСКО – Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі ұйымы.

⁹Паро Дзонг – Будда сиынушыларының шіркеуі.

¹⁰Чомо ларанг – ҚХР Тибет ауданына қарасты шекаралық аймақ.

¹¹Микронезия – Тынық мұхитының батысында орналасқан Федеративтік штат.

¹²Теуантепек – Орталық Америкадағы өзен.

¹³Кластер – бірнеше бірдей элементтер жиынтығы.

¹⁴Сегізмыңдық – бұл биіктігі теңіз деңгейінен 8000 м жоғары болатын таулардың аталуы.

¹⁵Тар – жабайы азия ешкісі. Бұл ешкінің үш түрі бар. Соның бірі – Гималай тары.

¹⁶Муниципалитет – жеке нақты территориясы және халқы бар, өзін-өзі басқаратын әкімшілік-территориялық бірлік.

¹⁷Оазис – тіршіліксіз жердегі тіршілік етуге қолайлы орта

¹⁸Онсэн – Жапониядағы жерасты ыстық суының атауы. Сондай-ақ ыстық суға негізделіп салынған демалыс орындары да осылай аталады.

¹⁹Фумарола – ыстық газдардың әсерінен пайда болған кратердегі жарықшақтар.

²⁰Экструзия – жанартаудың атқылауы кезіндегі газ бөліну процесі.

²¹Инзельберг – арал тауы.

²²Архипелаг – ұсақ аралдар жиынтығы.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНИ

«Аруна» баспасының өнімдерін төмендегі дүкендерден алуға болады:

Астана, «Абай» кітап үйі, Бөкейхан к-сі, 42. Тел. (7172) 322 720

Астана, «Арғымақ» кітап дүкені, 4-шағын ауданы, 28-үй, 15-пәтер.

Тел. (7172) 363 355

Астана, «Учебники» кітап дүкені, Абай к-сі, 182. Тел. (7172) 376 301

Астана, «Раритет» кітап дүкені, Абай к-сі, 12. Тел. (7172) 214 923

Астана, «Книжник» кітап дүкені, Тел. (7172) 92 87 89

Ақтөбе, «Т.Ахтанов» кітап үйі, Әбілқайыр хан к-сі, 78. Тел. (7132) 51 34 12

Атырау, «Читающий Каспий» кітап дүкені, Шәріпов к-сі, 5. Тел. (7122) 25 68 84

Қарағанды, «Деловая литература» кітап дүкені, Бұқар жырау к-сі, 77.

Тел. (7212) 434 250

Қарағанды, «Книги для Вас» кітап дүкені, Сәтбаев к-сі 22, 1-пәтер.

Тел. (7212) 56 92 71

Қарағанды, «Книгоцентр» кітап дүкені, Бұқар жырау к-сі, «Европа» сауда үйі

Тел. (7212) 42 15 21

Қостанай, «А.Байтұрсынов» кітап дүкені, Толстой к-сі, 62. Тел. (7142) 50 09 07

Қостанай, «Карандаш» кітап дүкені, Чехов к-сі, 125. Тел. (7142) 56 77 41

Қостанай, «Зодиак» кітап дүкені, Абай даңғылы, 168-22. Тел. (7142) 51 14 47

Көкшетау, «Ш.Уәлиханов» кітап үйі, Абай к-сі, 133. Тел. (7162) 25 67 49

Көкшетау, «Книги» кітап дүкені, Горький к-сі, 76-үй, 12-пәтер.

Тел. (7162) 25 03 53

Қызылорда, «М.Шоқай» кітап үйі, Әйтеке би к-сі, 26. Тел. (7242) 27 88 88

Қызылорда, «Насихат» кітап дүкені, Қазантаев к-сі 25. Тел. (7242) 30 24 37

Семей, «Шәкәрім» кітап үйі, Шәкәрім к-сі, 20. Тел. (7222) 56 11 21

Семей, «Облыстық кітаптар саудасы», Герцен к-сі, 13.

Тел. (7222) 52 38 17

Павлодар, «Эврика» дүкені, Пахомов к-сі, 66. Тел. (7182) 328 870

Петропавл, «Мағжан Жұмабаев» дүкені, Университет к-сі, 61.

Тел. (7152) 464 758

Петропавл, «Знание» кітап дүкені, Жұмабаев к-сі, 107. Тел. (7152) 46 43 43

Өскемен, «Қ.Қайсенов» кітап үйі, Киров к-сі, 51. Тел. (7232) 241 164

Өскемен, «Vita» дүкені, Әуезов даңғылы, 35/1. Тел. (7232) 258 637

Өскемен, «Инфотек» дүкені, Урицкий к-сі, 125/14. Тел. (7232) 254 144

Өскемен, «Книга-Сервис» кітап дүкені, Добролюбов к-сі, 34/2. Тел. (7232) 55 95 64

Талдықорған, «Асыл қазына» кітап дүкені, Ақын Сара к-сі, 161. Тел. (7282) 39 72 62

Талдықорған, «М.Тынышбаев» кітап үйі, Шевченко к-сі, 121. Тел. (7282) 24 58 54

Орал, «Оптима», Фрунзе к-сі, 49. Тел. (7112) 510 974

Орал, «Жәңгір хан» сауда үйі, Ихсанов к-сі, 45. Тел. (7112) 50 89 77

Алматы, «Мир учебников» кітап дүкені, Гоголь к-сі, 72. Тел. (727) 2 79 11 72

Алматы, «Экономик'С» кітаптар үйі, Қабанбай батыр к-сі, 71.

Тел. (727) 2 911 247

Алматы, «Книжный мир семьи» дүкені, Абай даңғылы, 34.

Тел. (727) 2 629 927, 2 921 719

Алматы, «Гулянда» сауда үйі, Төле би к-сі, 111. Тел. (727) 2 325 290, 2 320 415

Алматы, «Эврика» кітап дүкендері. Тел. (727) 2 768 686

050042, Алматы қ., Сүлейменов к-сі, 13 «А»

Тел./факс: (727) 30-95-399, 30-95-547, 30-95-548,

30-95-549, 30-95-551. Ұялы тел: 8 701 786 21 46.

E-mail: aruna_ltd@mail.ru

www.aruna.kz

1100



қызықты дерек

Таулар мен жанартаулар



«1100 қызықты дерек» топтамасына енгізілген кітаптар:

- Улы жәндіктер
- Жануарлар
- Акулалар, дельфиндер және киттер
- Адам анатомиясы
- Қару-жарақтар
- Ұлы императорлар
- Мемлекеттер
- Жойылып кету қаупіндегі жануарлар
- Теңіздегі тіршілік иелері
- Таулар мен жанартаулар
- Өнертабыстар мен ашылымдар
- Ғарыштағы таңғажайыптар
- Әлемнің қасиетті жерлері
- Нобель сыйлығының иегерлері
- Ескерткіштер

Бас редакторы

Қ. Байғабылова

Көркемдеуші редакторы

А. Ластовская-Романова

Жауапты редакторы

Д.Хамзеева

Редакторлары

Л.Баяхметбаева, Л.Дәуренбекова

Корректоры

Д. Секер

«Аруна» баспасының дизайн орталығы

Ә. Жұмаханов

Балаларға арналған энциклопедиялық анықтамалық

© «Аруна Ltd.» ЖШС, 2013

Қазақстан Республикасы, 050042,

Алматы қ., Сүлейменов к., 13 «А»,

Тел./факс: (727) 30-95-399, 30-95-547

Ұялы тел.: 8-701-786-21-46.

E-mail: aruna_ltd@mail.ru

Интернет-дүкен: www.aruna.kz

Қытайда басылып шыққан

Chenxi Printing Co баспаханасы

аруна



ISBN 978-9965-26-683-6

